

3- Панельдік Сессия. 17 Сәуір, 2021
«Бакалавриат студенттері арасындағы жазу бойынша
тәлімгерлер және олардың бірлесіп оқуы»



[0:01]

Кэри Пичински:

Бастаймыз ба? Жақсы, Ти, жазылып жатыр ма?

Ти Ву: Солай деп ойлаймын. Иә, видеосы жазылып жатыр.

Кэри Пичински: Жақсы.

Ал енді терең тыныс алайық та, тыңдаушыларымызды қоса берейік. Барлығы қосылғанша, біз біраз сөйлесе берейік. Қазір кезекте тек 16-ға жуық адам бар, бұл көп уақытты қажет етпейді. Содан кейін, Ті, сөйлеген кезде микрофондар мен бейнекамераларды өшіру қажеттілігі туралы еске салуды ұмытпаңыз. Сіз сөйлеп тұрған кезде мен чатты бақылап, жаңадан қосылған тыңдаушыларды қосамын.

Ти Ву: Жақсы.

Мария Дейкуте: Ти, барлығы да жақсы болады.

Ти Ву: Рахмет, Маша. Сәлеметсіз бе, Маша.

Мария Дейкуте: Мен камерамды өшірейін, өйткені біздің үйде бүгін сенбілік демалыс күні.

Мэрилин Пламли: Қайырлы таң баршаңызға. Бұл Мэрилин қосылды.

Кэри Пичински: Мэрилин, қалыңыз қалай?

Мэрилин Пламли: Иә. Мен бұл сессияны жіберіп алғым келмеді.

Кэри Пичински: Керемет! Бүгін бізбен бірге болғаныңыз үшін рахмет. Қазіргі уақыт сіз үшін тым ерте емес пе еді?

Мэрилин Пламли: Иә, сіздерге қосыл үшін мен таңертең ерте сағат 6.50-де ояндым.

Кэри Пичински: Сіз жұлдыз екенсіз! Рахмет. Мэрилин қазір Францияда.

Мэрилин Пламли: Иә, бонжур!

Кэри Пичински: Бонжур. Кэтрин де бізге қосылуда. Кэтринді қарсы алайық. Кэтрин? Иә, ол бізбен.

Ти Ву: Сәлеметсіз бе, Кэтрин.

Кэтрин Лам: Қалдарыңыз қалай?

Кэри Пичински: Керемет.

Ти Ву: Жақсы

Кэри Пичински: Ти, менің ойымша, сіз қазір бастай беріңіз, егер тағы адамдар сұранған жағдайда, оларды қосамын.

[02.25]

Ти Ву:

Жақсы. Сәлеметсіз бе! Қазақстаннан және әлемнің әр түкпірінен бізге қосылғандардың бәріне сәлем жолдаймыз. Мен бәріңізді, сондай-ақ кейбір таныс адамдарды көргеніме өте қуаныштымын. Қазір Алматы уақытымен сағат 11.02. Сонымен, қайырлы таң, қайырлы күн және қайырлы кеш! Менің есімім Ти Ву және мен Назарбаев Университетіндегі Академиялық жазу орталығының нұсқаушысымын. Бұл біздің «Бакалавриат студенттері арасындағы жазу бойынша тәлімгерлер және олардың бірлесіп оқуы» атты НУ-дағы Жазу жайлы әңгіме симпозиумындағы үшінші панельдік сессиямыз. Сіздердің бүгін бізбен болғаныңызға қуаныштымын және осы айдың соңғы екі сенбісінде бізбен бірге болғандарыңыз үшін барлығыңызға алғыс айтқым келеді.

Бүгін мен және осы сессияның қатысушылары сіздерді бірлесіп оқыту моделімен таныстырамыз. Біз осы модельді университетімізде жазу және пәндік курстарды ескере отырып жасадық. Бұл ынтымақтастық курстас студенттер арасындағы жазу процесіне және оқытушыларға бағытталған. Мен сіздерге өз экранымды көрсеткім келеді, сосын біз бірден өз тақырыбымызды талқылай бастаймыз. Кешірім сұраймын. Жарайды, күткеніңіз үшін рақмет. Біздің тақырыбымызға сәйкес біз бірлесіп оқыту үдерісін ерекше атап өткіміз келеді. Мен бүгін біздің панелистерді таныстырамын, сіздер оларды көресіздер, сонымен қатар жазу бойынша студент-тәлімгерлермен және пән нұсқаушысы мен жазу бойынша Тәлімгерлік бағдарламасының нұсқаушыларымен таныстырамын. Бірлесіп оқыту кезінде біз студенттерге нақты бір пәндер бойынша қалай көмектесуге болатындығы және олардың жазу дағдыларын қалай дамытуға болатындығы туралы бірнеше сұрақтарға жауап беруге тырысамыз. Мысалы, біз бірнеше сұрақ қойғымыз келеді.

Курстың жүйелілігі студенттердің тәлімгер болуға дайындығын қалай қамтамасыз етеді? Тәлімгерліктің тиімді тәсілдері қандай? Зерттеулер педагогикадағы тәлімгерліктің рөлін қалай көрсетуге көмектеседі және оны жазу тәлімгерлері қалай жүзеге асырады? Бұл процесс студенттерге нақты бір пәндер бойынша жазуды үйренуге көмектеседі. Енді, ең алдымен, панелистерді таныстыруға рұқсат етіңіздер, мен айтып өткендей, біз профессорды, екі оқытушыны және тәлімгер-студенттерді шақырдық. Бірінші болып Академиялық жазу орталығының директоры Кэри Пичински сөйлейді. Кэри - Назарбаев Университетіндегі Академиялық жазу орталығының директоры, ол көпжылдық тәжірибесі бар, оқу бағдарламаларын құру, мұғалімдер даярлығы, жазу бойынша тәлімгерлік, жазуға үйрету педагогикасы, екінші тілде жазуға және академиялық сауаттылыққа қызығушылығы бар халықаралық педагог. Оның география, жазу және глобалді контекстте академиялық мақсаттағы ағылшын тілін оқыту тәжірибесі бар. Ол Иракта, Түркияда, Эквадорда және қазір Қазақстанда жұмыс істеді. Кэри Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерін зерттеу саласындағы магистр дәрежесін Висконсин-Мэдисон университетінде «Орталық Азияны зерттеу» мамандығы бойынша және әлеуметтік-экономикалық география пәні бойынша алды. Сонымен қатар ол халықаралық оқыту мектебінің лицензияланған TESOL жаттықтырушысы. Кэри WCS 390 Жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасының бірінші курсынан сабақ береді (Жазу бойынша тәлімгерлер I: теория мен практикадағы композиция және ынтымақтастық).

[06.59]

Кэри Пичински: Көп рахмет, Ти. Сөзіңізді бөлгеніме кешіріңіз, бірақ экраныңызды көре алмай тұрмыз. Сіз бізге өз презентацияңызды көрсеткіңіз келді ғой, солай ма?

Ти Ву: Иә, қап... қазір ше?

Кэри Пичински: Енді бәрі көрініп тұр, рахмет.

Ти Ву:

Жақсы. Кэри, байқағаныңыз үшін рахмет. Сонымен мен бүгінгі сессиямыздың барлық қатысушылары туралы мәліметтері бар сызбаны көрсеттім, енді мен сіздерді қалған қатысушылармен қысқаша таныстырғым келеді. Біз профессор Габриэль МакГуайэрді бізбен жұмыс тәжірибесімен бөлісу үшін басқа пәннің оқытушысы ретінде шақырдық. Габриэль МакГуайэр - НУ-дың тілдер, лингвистика және әдебиет кафедрасының ассистент профессоры. Ол «Әдебиеттануға кіріспе», «Әлем әдебиеті 1 және 2», «Халық ертегілеріне

шолу» сияқты курстардан сабақ береді. Оның ғылыми қызығушылығы Орталық Азияның ауызша және жазба әдебиетін, сонымен қатар ауызша халық шығармашылығы дәстүрлерін заманауи салыстырмалы зерттеуді қамтиды. Индиана Университетінің фольклор және этномузыкадану кафедрасында докторлық диссертациясын қорғады. Ол бірнеше рет әдебиеттануға кіріспе курсында жазу бойынша студент-тәлімгерлерімен жұмыс істеді. Сондықтан бүгін бізге қосылғаныңыз үшін рахмет, Габриэль.

Габриэль МакГуайэр: Шақырғаныңыз үшін рахмет.

Ти Ву:

Біздің бүгінгі студенттік өкіліміз - Әйгерім Жолдас. Ол НУ-дың саясаттану және халықаралық қатынастар мамандығы бойынша оқитын үшінші курс студенті. Ол аға тәлімгер болды және жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасының үш курсын аяқтады. Профессорлармен және студенттермен әдебиеттануға кіріспе және саясаттану курстарында жазу бойынша студент-тәлімгер ретінде жұмыс істеді. Жақында ол жазу бойынша тәлімгерлерінен кеңес алу сессиясындағы директивті тәсіл туралы өзінің зерттеу жұмысын аяқтады және өз жұмысын академиялық студенттер журналына жариялауға үміттенеді. Академиялық зерттеулерден басқа, Әйгерім 2020 жылдың көктемінде НУ-да Біріккен Ұлттар Ұйымының Студенттік кубогы моделінің президенті болды және қазіргі уақытта НҰ Саясаттанушылар Ассоциациясының мүшесі. 2021 жылдың көктемінде ол академиялық жазу орталығында бакалавриат студенттеріне арналған оқыту мен дамытудың координаторы ретінде тағылымдамадан өтті. Әйгерім, бізге қосылғаныңыз үшін рахмет, соңында өзім туралы біраз айтқым келеді.

Сонымен академиялық жазу орталығында мен жазу пен композицияны сабағынан төртінші курс студенттеріне және жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасындағы үш курстың екеуінен дәріс беремін: жазу бойынша тәлімгерлер ІІ және жазу бойынша тәлімгерлер ІІІ. Сонымен қатар мен жазу бойынша тәлімгерлік курсының жетекшісімін. Назарбаев Университетінде жұмыс жасамас бұрын мен магистр дәрежесін Калифорния университетінде, Санта-Барбара, алдым, онда мен мәдени көзқарастар мен салыстырмалы білім беру, композиция, педагогикалық теориялар мен зерттеу әдістемесіне қызығушылық танытып, оны дамыттым. Енді біз сіздермен өз тәжірибемізбен бөліскіміз келеді, мен де бүгінгі талқылауға қатысушылардың әрқайсысына қысқа сұрақтар дайындадым. Біріншіден, менің Кэриге қояр сұрағым бар. Кэри, сіз осы бағдарламамен біраз уақыттан бері айналысқандықтан және оның тарихы мен даму кезеңдерін білетіндіктен, Жазу бойынша тәлімгерлік

бағдарламасы дегеніміз не екенін айтып бере аласыз ба? Бұл НУ-да қалай жұмыс істейді? Қатарлас тәлімгерлер не үйренеді?

[11.03]

Кэри Пичински: Иә, әрине, Ти. Ти, өз экранымның демонстрациясын қоса берейін бе?

Ти Ву: Иә, әрине, Кэри.

Кэри Пичински: Сәл күте тұру керек. Технологиямыз ұйықтау режиміне ауысқан сияқты бүгін. Жақсы, «жазу бойынша тәлімгерлер» деген жазу көрініп тұр ма? Сізде сол слайд

-Иә.

Кэри Пичински:

Керемет! Ти, мені және біздің әріптестерімізді таныстырғаныңыз үшін көп рахмет. Бүгін мен барлығыңызбен НУ-дағы жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламамыз туралы сөйлескім келеді. Жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасы іс жүзінде біздің академиялық жазу орталығымыздың бағдарламасымен бірге жасалған болатын, сондықтан біздің алғашқы панельге қатысқандар үшін мен осы жерде, НУ-да, бағдарламамыздың дамуы туралы қысқаша шолу беріп, оның әртүрлі аспектілері біздің жазу орталығы айналасында қалай дамығандығы туралы әңгімелеген едім.

Осы аспектілердің элементтерінің бірі болып табылатын жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасы 2015 жылы басталған. Сонымен бұл бағдарлама біздің стратегиялық серіктесіміз болып табылатын және ертеде құрылған, іс жүзіндегі жазудың жүйелі орталығы болып табылатын Висконсин-Мэдисон Университетінің қолдауымен жасалған, әрі бұл бағдарламаға олардың рұқсаты мен көмегі арқасында қол жеткізілді. Сонымен, біз өте талантты жазушы-студенттердің өз курстастарының репетиторы болып қалыптаса алуына бағытталған жазушы-студенттерді оқытуға арналған курс, яғни жазу бойынша тәлімгерлер курсы жасадық. НУ-де біз курстастар үшін жазу бойынша тәлімгер болудағы бірлесе оқытудың шын мәніндегі қажеттілігін нақтыладық. Дегенмен, біз бұл бағдарламаны дамыту мен оған деген қызығушылықты көрсету барысының өзінде-ақ біздің студенттеріміз өзара оқыту тақырыбын тереңірек зерделеуге көбірек қызығушылық таныта бастады. Біз құрастырған бағдарлама тізбектелген үш курстан тұрады, сондықтан ол Висконсин-Мэдисон Университеті қолданатын бағдарлама үлгісінің шеңберімен шектелмейді, бірақ алдыңғы принциптер мен көзқарастарға сүйенеді және жергілікті контекстті ескеру мен осы облыстағы зерттеушілер ретіндегі біздің

жазушыларымыздың дамуына табан тірейді. Сонымен, осыдан екі аптадай бұрын біздің алғашқы симпозиумда бағалағанымыздай, НУ-де біздің студенттеріміздің ешқайсысы да үшін ағылшын тілі ана тілі емес, бірақ олардың бәрі де көптілді, ал бұл өз кезегінде оларға тек көптеген проблема болып ғана табылмайды, сонымен қатар олардың мұндағы жұмысына қолдануға қажетті жан-жақты таланттарын да ашады.

Бұл сонымен қатар біздің Орталыққа студенттердің жұмысы үшін теңдесі жоқ контекст береді. Бұл оларға Джон Суэйлзден қажеттісін ала отырып теорияның практикамен байланысын тексеруге арналған зерттеу кеңістігін құруға мүмкіндік береді, сол арқылы осы НУ-дегі біздің теңдесі жоқ контекст арқасында солтүстік америкалық модельге сүйеніп, теория мен практиканы тестілеуге жағдай жасалады. Сонымен 2015 жылдан бастап, біздің бағдарлама студенттердің сұраныстарын ескере отырып дамыды әрі ауқымы кеңейді, міне бүгін мен жалпы сол туралы айтатын боламын.

[14.38]

Жақсы. Менің бұған дейін айтқанымдай, жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасы бойынша жұмысты біз 2015 жылы бастадық. Бұл курстың дизайны студенттерді өз курстастары үшін жазу бойынша тәлімгер болып қалыптасуға дайындау негізінде жасалды, сонымен қатар, НУ контексті аясында өз курстастары үшін студенттердің ағылшын тілінде үлгілі жазу дағдысына негізделген керемет жазушылық талантын пайдалану мақсаты қойылды. Сонымен өтініш беру үрдісі енгізілуімен қатар, сол уақытта біз өздерін талантты жазушы ретінде көрсете білген студенттерді қабылдадық. Бұл біз жұмыс жасаған айтарлықтай жақсы дайындығы бар студенттер тобы болды. Өтініш беру үрдісінде жазу деңгейін бағалау үшін жазба жұмыстарының үлгісін ұсыну енгізілді. Сонымен қатар олардың басқа факультеттің оқытушыларынан ұсыныс хат тапсыруы талап етілді. Біз шын мәнісінде сенімді де талантты жазушы бола алатын, әрі сабақ барысында өз курстастарына қолдау көрсете алатын және тәлімгерлікке бейімділігі бар студенттерді іздедік. Басқа кеңесшілер мен профессорлардың көзіне түскендерді табуға тырыстық. Қорытындысында біз мұны іске асырдық, шағын студенттердің тобы пайда болды. 2015 жылдың көктемінде біз алты адамнан тұратын топтан бастадық, бұл топта біз курсты жетілдіру мақсатындағы студенттердің қызығушылығын зерделеу жұмыстарын жүргізіп келген 2017 жылға дейін осы шағын күйінде болды. Негізінде студенттердің өздері өз тарапынан өздерінің курстастары үшін тәлімгер болуға бағытталған дамуға деген қызығушылық танытты. Олар зерттеу үрдісіне тереңірек бойлау мен осы идеялардың кейбірін зерттеуге құлық танытты. Сондықтан

Висконсин-Мэдисон Университетінде жасалған курстағыдай бір курсты ғана енгізбей, зерттеушілік бағытқа негізделген екінші курс құрастырылды. Сонымен студенттер өз курстастары үшін тәлімгер болуға дайындайтын бірінші курсты аяқтап, нақты бағыттағы курстарға тәлімгер бола алатын және қызықтыратын тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге үйрену бойынша екінші курсқа ауысты. Бірінші курста теория мен практиканы зерделесе, екінші курста шын мәнісіндегі практикамен шұғылданып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Екінші курстың ерекшелігі де сол, ол расымен де зерттеушілік жобамен айналысатын студенттерге бағытталғандығында. Сонымен қатар семестрдің соңында студенттер өз жұмыстарын зерттеу консорциумында көрсетеді. Менің ойымша, біздің консорциум нақты болатын 24-і күніне олар өз жұмыстарын университет қоғамдастығы алдында презентация түрінде көрсетіп, жария ете алады. Курста II-жазу бойынша тәлімгерлер болып табылатын студенттер бекітілген тәлімгер ретінде пән оқытушыларымен жұмыс жасайды. Бүгінгі пікірталастың қатысушыларының бірі профессор МакГуайэр осы жазу бойынша студент-тәлімгерлерді қабылдайтын жекелеген пәндердің оқытушылары туралы айтады, әрі олармен практика бойынша келіссөздер жүргізеді. Яғни олар бізбен жазу бойынша студент-тәлімгерлердің іс-әрекетіне жағдай туғызатын бағдарлама бар екенін көрсету үшін жұмыс жасайды. Ал бұл өз кезегінде курс сұрақтары бойынша тәлімгерлердің өз курстастарымен және жазба жұмыстарымен жұмыс жасау мүмкіндіктері болуы үшін жеткілікті кең ауқымды тапсырмалары болуы керек дегенді білдіреді. Нақты айтқанда, жазу бойынша тәлімгерлердің пән оқытушыларымен, оларға белгілі бағыт бойынша жазу ерекшеліктерін түсіндіретін гид ретінде жұмыс жасау үшін көптеген тапсырмалар жасалып, тапсырмаларды орындауға жеткілікті уақыт бөлінуі қажет. Жазу бойынша тәлімгерлерді олардың пәндік жазуға қатысты жеке тәжірибесіне қатысы жоқ курстарға енгізу жағдайлары жиі кездесіп жатады. Сондықтан олар жанр ерекшеліктерін басқа пән арқылы оқуға мәжбүр болады. Ал бұл өз кезегінде, өткен аптада айтылғандай, жазуға оқытуда жанрлық көқарас арқылы пәнді дискурсивтік қоғамдастық деп қарастыруға алып келеді. Сонымен жазу бойынша тәлімгерлердің бір артықшылығы, олардың жазуды өз бағыттарынан тыс курстар арқылы оқып зерделеуінде және жазудағы өз тәжірибесін кеңейтуге мүмкіндік алуында. Жалпы айтқанда, студенттер өз оқытушыларымен және оларды жазу бойынша тәлімгерлікке басшылыққа алған профессормен "Жазу бойынша тәлімгерлер II" курсына жұмыс жасай отырып, бір мезгілде студенттермен тәлімгер ретінде жұмыс жасайды әрі зерттеу жобаларын әзірлейді.

Бұл 2017 жылы бастау алған екі курсты 2019 жылға дейін жүргіздік. 2018 жылы студенттердің жазу бойынша студент-тәлімгер ретіндегі жұмысын жалғастыру мүмкіндігі туралы сауалы кезінде және Висконсин-Мэдисон Университетіндегі серіктестеріміздің «Бір белгілі пәндік курсқа бекітілгеннен соң репетиторлар немен шұғылданады?», - деп бізден сұраған кезде келісілген болатын. Ары қарай не болады? Олар университетте әлі екі не одан әрі де семестр оқи ала ма ? Бүгін біздің ортамыздағы, бұрынғы әріптесіміз Кэтрин , хош келдіңіз, осы тізбектегі жазу бойынша студент-тәлімгерлерге өз зерттеу тақырыбын тереңірек зерттеуге, өзгертуге немесе зерттеу тақырыбы бойынша бірлескен жұмыс жасауға жағдай жасау үшін үшінші курсты құрастырды. Олардың нұсқалары туралы Ти бағдарлама тізбегіндегі екінші және үшінші курстар туралы өзінің презентациясында айтады. Осылайша, олар зерттеу үрдісіне белсендірек араласатын болады. Біздің де мақсатымыз студенттерді өз зерттеулерін жариялауға мүмкіндігі болатын деңгейге жеткізу. Сонымен қатар олар өз курстастары үшін тьютор бола алады, одан басқа, олар тәжірибелі тьютор болғандықтан тьюторлар мен «II жазу бойынша тәлімгерлер» курсы студенттеріне тәлімгер бола алады. Сөйтіп, осы кезеңде біз шеңберді толықтырамыз. Осы тізбектіліктің өн бойында біз студенттерді жазу педагогикасының бірлесіп оқытуының негізгі теориясы әрі концепциясымен, және жазудың әртүрлі стилімен жазуға оқытумен таныстырамыз, соңында олар «II жазу бойынша тәлімгерлер» оқыту курсының бекітілген тьюторлары болып , өз зерттеу жобаларын жазады. Одан әрі, егер өз қалаулары болса, «III жазу бойынша тәлімгерлер» курсында өз практикасын кеңейтіп, тьютор/репетитор ретіндегі тәжірибесіне сүйене отырып, «II жазу бойынша тәлімгерлер» курсы студенттеріне тәлімгерлік жасай отырып, өздерінің зерттеу жобасын терең зерттеуді жалғастырады.

Міне, бұл осы жүйеліліктің негізгі сипаттамасы. Айту керек жағдайдың бірі, ол осы жүйені жасау барысындағы эволюциялық үрдіске көбірек студенттерді тартуға тырыстық, және курсқа бірнеше өзгерістер енгіздік. Сонымен бұл жүйелілік біздің контекстке байланысты дамиды және өзгерістер екіжақты болады. Біріншіден, бұл жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасы негізінде оқытуға қабылдау үрдісі. Бұрын бұл өтініш беру процедурасына негізделетін, өйткені біз басқа сыныптарда тәлімгер болудың перспективалы мүмкіндіктерін көрсеткен өте дарынды жазушыларды іздедік. Бұл біз таңдай алатын студенттердің санын шектейді, өйткені біз қарқынды жазуды қамтитын курстарға оқитын студенттерді іздейміз және олардың оқытушылары курстық сараптаманы олардың курстарына біріктіреді және студенттің жазу бойынша тәлімгер бола алатындығын көре алады. өйткені ол өзінің курстастарымен жұмыс жасауда перспективалы мүмкіндіктер көрсетті. Бірақ біз «Жазу

бойынша тәлімгерлік» бағдарламасына қатысушылардың қамтылуын кеңейтуді көздегендіктен, біз әлеуметтік немесе гуманитарлық бағытта оқымаған студенттерді іздедік, оларды қазір іздеудеміз. Олар әр түрлі курстарда оқиды, сондықтан өтініш беру үрдісіндегі тосқауылдарды жою үшін біз бірінші панельдік талқылауда айтқан негізгі оқу жоспарымызды өту шартымен курсқа ашық тіркелу мүмкіндігі туралы ойладық.

2018 жылы біз қосымша жазу және коммуникация курсын қостық, сонымен қатар бізде студенттердің жазу қабілетінің бірнеше дәлелі болды: егер біреу екінші курсын жоғары В + немесе одан жоғары деңгеймен бітірсе, біз бұл өте жақсы көрсеткіш болар еді деп ойладық, яғни олар қарқынды жазуға және жазу бойынша тәлімгерлік курс бағдарламасы бойынша зерттеуге дайын болар еді.

Сонымен біз алдыңғы құжаттар қабылдау процедурасынан алыстап, студенттердің екінші курста жазбаша курсты ойдағыдай аяқтауға арналған көрсеткіштерді қарастыруға көштік. Тіркеу процесін ашық ету арқылы біз студенттердің «Жазу бойынша тәлімгерлік» бағдарламасына қызығушылық танытуының бір себебі олардың бізге айтқандығында екенін байқадық.

Біз, мен және Ти, соңғы өтініштерге шақыру кезінде сұхбаттасқан студенттердің барлығы олардың жазушылық тәлімгер болуға деген уәждерінің бірі - өз жазуларын жетілдіру екенін айтқан болатын, иә, бұл өте қарқынды жазу процесі болады, әсіресе студенттерді берілген курс бойынша нақты және күтілетін нәтижені көрсетпейтін жазуды талдауға үйрету кезінде. Сондықтан біз оны талқыладық та осылай айттық: «Егер әр студент мұны қаласа, неге біз оны жасай алатындай етіп курсты бейімдемейміз?».

Бізде қазір үш курстан тұратын жүйелілік бар болғандықтан және біз студенттерге зерттеу жұмыстарын толығымен аяқтай алатындай жағдай жасағандықтан, біз өз жазуы мен академиялық жазбада өз дауысын дамытуға қызығушылық білдірген студенттерді қабылдай бастадық. Мен «Жазу бойынша тәлімгерлер-I» курсын дайындап, курстың тапсырмаларын дайындауға басқаша қарадым. Міне, бұл менің көзімнің жеткені, біз бұл бастаманы жақында бастадық, мен курсты бағалау кезінде студенттердің кері байланысын көрдім, олар осы курс сабақтарына қатысу арқылы жазуы айтарлықтай жақсарғанын мойындады.

[24.57]

Бұл курстар жүйелілігінің біз үшін өте маңызды болуының бір себебі, ол НУ түлектеріне қойылатын көптеген критерийлерге қатысы бар. Біз бұл туралы кейінірек талқылай аламыз, бірақ мен курстың дамуын көрсететін осы тізімді дәл қазір келтіремін, барлық дәйектілік осы критерийлердің / атрибуттардың көпшілігін қамтуға арналған. Бұл идея интеллектуалды шапшаң ойлау және кез-келген саланың нәзік / күрделі түсінігін дамытуға, басқаларға жетекшілік етуге, жаңа мүмкіндіктер құру үшін өзін-өзі дамыта білуге мүдделі болу. Мұның бәрі өте маңызды.

Осы курстардың кезектілігі бойынша алға жылжу барысында жазу бойынша тәлімгерлерге оқу процесін бақылауға жауапкершілік арта түседі, ал тәлімгерлерге оқыту процесі арқылы өз оқушыларына жаттықтыруда өте үлкен жауапкершілік жүктеледі. Тілдер мен мәдениеттердің білікті байланысшысы болыңыз. Мен мұнда жанрларды қосар едім, біз барлық курстарда жанрлық тәсілге баса назар аударамыз және бұл сіз көретін жазу бойынша тәлімгерлік курстарындағы тәлімгерліктің жүйелілігінен айқын көрінеді. Жеке тұлғаның жоғары адалдығы, біз академиялық адалдық туралы, академиялық дискурсивті қоғамдастыққа кірудің академиялық дауысы туралы көп айтамыз. Осылайша, біз түлектердің көптеген түпкілікті атрибуттарын осы курстың жүйелілігінде ғана қарастырамыз. Бұл біздің бағдарламамыздың студенттердің университеттің жалпы мақсаттарына қаншалықты сәйкес келетіндігін көрсетеді. Осы слайдта көп мәтін бар екені үшін кешірім сұраймын, бірақ мен «Жазу бойынша тәлімгерлік-I» курсына не істейтінімізді қалай сипаттай аламын деп ойлағанымда, мен жай ғана курстың сипаттамасынан үзінді алуды жөн көрдім.

Сонымен, студенттерді әрі қарайғы бірлескен оқу мен зерттеу тәжірибелеріне қалай дайындайтынымызды көрсету үшін сізге «Жазу бойынша тәлімгерлік I» курсымен таныстыруға бірнеше минут ғана қажет. Біз қазіргі заманғы жазу теорияларын зерделеуге, содан кейін тәжірибеге назар аударамыз. Бірінші күннен бастап біз теорияны практикада қолдану идеясы, теорияны қайталап тексеру үшін практиканы қолдану және практиканы түсіндіру үшін теорияны қолдану туралы айтып келеміз. Бұл курста біз әдетте мұны пікірталас топтарында, қысқа жазбаша тапсырмалар түрінде, форум хабарламаларында орындаймыз, бұл идея студенттердің өзіндік зерттеу процесін бастаған кезде дәл осылай жасауы үшін әдетті қалыптастыру болып табылады. Сондықтан олар бірінші курста өздері таңдаған тақырып бойынша әдебиеттерге жеткілікті түрде шолу жасайды. Олардың қазірдің өзінде не істеп жатқанын, қайда бара жатқанын және оның нақты контекстке қалай ымдасатынын, НУ-дағы өзіндік

рөліне қалай сәйкес келетіндігін жақсы түсінуге болатындығы туралы теорияға немесе практикаға жүгінген тәжірибесі бар.

Репетитор / тьютор деген кім, ол немен айналысады, бірлескен жазу қалай жұмыс істейді, сонымен қатар стратегиялар туралы көп айтамыз. Біз студенттерді дайындап, оларға сенім артуға болатындай негіз бергіміз келеді, сонымен қатар олардың тәлімгерлерін немесе сабақ беру барысында олардың жағдайларын бағдарлай алатын, оларға сенімділік беретін әдістерді игеруін, осылайша, курс барысында өзара оқытудың жүзеге асырылуын қалаймыз.

[28.31]

Мұнда жазу бойынша тәлімгерлер зерттейтін бірнеше тақырып бар. Мен оларды оқу бағдарламасынан алдым, бұл студенттердің бірінші жылында не өтетіндері туралы түсінік беру үшін апта сайынғы талқылауға, форумға арналған хабарламаларға арналған тақырыптар.

Бірінші курс - бұл саланың сарапшы мамандарын дайындайтын кешенді курс емес, бірақ мұнда студенттерді өзара оқыту және жазу педагогикасына байланысты көптеген тақырыптармен таныстырады. Негізінен, бұл өздерінің ғылыми қызығушылықтарына негіз қалау үшін жасалатындықтан, біз оқыту мен оқуды бірлескен процесс ретінде айтамыз, сондықтан біз күш / ықпал құрылымдары және жеке шешім қабылдау / еркін әрекет ету қабілеті туралы көп айтамыз. Өзімен бірге оқитын курстастарының студент-тәлімгерлері жазу орталығының тәлімгер / репетиторы болып табылатын академиялық жазу орталығының оқытушысынан қаншалықты ерекшеленеді және студент-тәлімгер мен курстастарының арасындағы қарым-қатынас пен күш тепе-теңдігі ойын алаңын қалай теңестіре алады және екі жақ үшін де жағымды нәтиже береді. Біз бұл туралы академиялық адалдық тұрғысынан да айтамыз. Студент тәлімгер өз курстастары үшін үлгі болады деген идея.

Жазушы мен тәлімгердің жеке басы - үлкен тақырып. Біз бұл тақырыпты осы нақты курста кеңейттік, өйткені оны инклюзивті практика идеясымен байланыстыру үшін қолданамыз, және бұл өте қызықты, өйткені бұл курста біздің жазу бойынша тәлімгерлер маңыздылығы өте жоғары.

Біз Солтүстік Америкадағы білімге негізделген көптеген мақалаларды қолданамыз, және біздің студенттер оларды оңай түсінеді және алға жылжуға арналған кейбір ұсыныстарға сыни тұрғыдан қарайды, бәрі жақсы әрине. Мұның бәрі зерттеуге өз контекстінде қалай қарай алатындығы туралы ойлауды ынталандырудың жақсы тәсілдері.

Біздің басты тақырыптарымыздың бірі - көптілді жазушылар мен көптілді оқытушылар. Бұл танымал тақырып, әр семестрде әрдайым біреу осы тақырыпты зерттейді. Біз көптілді оқытушының көптілді оқушыдан артықшылықтары туралы, мұндай тәжірибе, жеке тәжірибе, репетиторлардың қандай проблемалармен бетпе-бет келуі мүмкін екенін түсінуге қалай көмектесетіні туралы айтып отырмыз. Сонымен қатар репетиторлардың көптілділік дағдылары шын мәнінде қарым-қатынас орнатуға қалай көмектесе алады. Бізде бір ғана хабарлама бар, егер біз тек ағылшын тілін ғана қолданатын болсақ, егер біз консультация барысында тек ағылшын тілін талқылау үшін қолданатын болсақ.

Біз академиялық стиль және оның қалай дамығандығы, оның қалайша тұрақты емес екендігі, пәндер бойынша және пәндер ішіндегі жазуға қалай қарайтынымыз туралы көп айтамыз. Жазушылық тапсырмалардан басқа, біздің жазу бойынша тәлімгерлеріміз презентациялар жасайды, олар пәнді сырттан зерттейді. Олар мамандықтарына қатысты оқытылатын әр түрлі жанр түрлерін, осы пән шеңберінде жазу ережелерін білуі керек. Содан кейін олар бұл ақпаратты өз сыныптарына ұсынады, сонымен қатар студент-тәлімгер басқа пәнге жататын студентке жеке пәннен тыс қалай көмектесуі мүмкін екендігі туралы нұсқаулық береді, демек студент- тәлімгердің жазушылық қызметіндегі жеке тәжірибе болып табылады.

Сонымен мен барлық егжей-тегжейлерге тоқталмай-ақ қояйын, бірақ бұл біз осы нақты курста оқитынның аз ғана бөлігі, содан кейін біз бұл тақырыптарды жазбаша жұмыстарда тарқатамыз. Әсіресе, студенттер оны сұрағандықтан. Жазу бойынша тәлімгерлердің өздері қалай жақсы жазуды үйренгісі келетіндіктен, біз оларға осы жолдан өтуге көмектесеміз, олар көп жазады.

Өткен семестрде, курс аяқталғанда, мен жаңадан бастап жатқан репетиторлардан олардың әрқайсысы маған 100 парақтан астам жазбаша жұмысты бағалау үшін семестрде жібергендерін білесіздер ме деп сұрадым және олар бұған қатты таң қалды. Мен олардың өмірін жеңілдету үшін нені қысқарту керек деп ойлағанымды сұрағанымда, бұл өте қарқынды курс, сондықтан , олар маған жоқ деп жауап берді, бәрі пайдалы болды. Сондықтан, біз бәрін сол күйінде қалдырдық. Осы курстың аясында біз жазудың әртүрлі түрлерін орындаймыз, рефлексиялық жазумен айналысамыз және бұл қос жанр түрі жазуды қолдайтын, жазуға, оқуға импульс беретін жанрлар. Осы курстың аясында біз жазудың әртүрлі түрлерін жасаймыз, рефлексиялық жазумен айналысамыз және бұл жазуды қолдайтын, жазуға, оқуға импульс беретін бірнеше жанр. Болашақ тәлімгерлер жазбаша және рефлексиялық циклды қолдана отырып тәжірибе алу үшін біз Гиббстің рефлексиялық циклін

қолданып, өз тәжірибемізді талдап, дамытамыз. Курстың соңында олар оқыту философиясына өте ұқсас жазу бойынша тәлімгерлік философиясын жазады. Оның өздері үшін пайдасын, әрі ары қарай дамытатынын түсініп, жоба нұсқасы ретінде жасайды. Содан кейін оны жазу бойынша тәлімгер ретінде өмірлік тәжірибесі болғаннан кейін, курстың соңында қайта қарауға болады.

[33.27]

Аналитикалық жазу. Биыл біз онлайн жұмыс істеп, білім алып жатқандықтан, біз мақалаларды талдау үшін Perusal платформасын қолданамыз және бұл аннотациялық ынтымақтастық құралы, жазу бойынша студент-тәлімгерлері үшін өте қолайлы. Олар егжей-тегжейлі аннотациялар жазады, содан кейін форум кеңестері мен Zoom сессиялары кезінде кеңірек талқылауда қолданылады. Сондықтан олардың барлығы бір-бірімен байланысты.

Содан кейін олар бақылаулар туралы есептер жасайды, басқа консультациялардың видеоларын көреді. Олар озық тәжірибелер тұрғысынан не көретіндерін, олардың оқитын теориямен қандай байланысы бар екенін және бір нәрсе шынымен солай істеліп жатқан-жатпағанын көрсетеді. Алдыңғы қатарлы тәжірибеге сәйкес келеді/келмейтінін және неге белгілі бір шешім қабылдауға болатынын қарастырады.

Аналитикалық жазуда біз олардан репетитор мен білім алушының мотивациясын зерттеуді, нақты консультацияның қалай жүргізілетіндігінің негізін табуды сұраймыз, өйткені әр консультация жекелік сипатта болады.

Олар ғылыми жұмыстар жазады. Сонымен, ғылыми мақалалар жазғанда, олар өздерінің ғылыми қызығушылықтарын көрсететін ұсынылып отырған зерттеудің жоспарын, кең түсіндірмелі библиографиясын және көп жобалы әдебиеттерге шолуды ұсынады. Әдебиеттерге шолу студент-тәлімгерді қызықтыратын нақты тақырыпқа сенімділікті қамтамасыз етуге арналған.

Олар белгілі бір тақырып бойынша өз сыныбындағы жергілікті сарапшыларға айналады. Әдебиеттерге шолу, 10 беттік әдебиеттерге шолу, олардың әрі қарайғы жұмысына сұрақтар туғызуға арналған. Осылайша, олар келесі курста өздерінің әдеби сұрақтары мен тәлімгерлік жазудың философиясына сүйенеді, келесі жылы өз сұрақтарын түсіндіру үшін, содан кейін оларды зерттеу процесінде қолдану үшін Ти нұсқаушымен жұмыс істей бастайды.

Мен айтқан жаңағы жазба жұмыстарының барлығы да өзара байланысты, олар белгілі бір мақсаттағы бөлек тапсырмалар емес, олар үлкен үдеріске байланысты және бұл процесті көрсетудің бір әдісі нақты тәлімгерлік циклы болып табылады. Сонымен, осы курста жаңадан бастап жатқан тәлімгерлер

бір-бірімен жаттығады, олар тәлімгер және үйренуші болып жұптасып жұмыс істейді.

Олардың әрқайсысы бір-бірінің жұмысын қарастырады, нәтижесінде екі кеңес алады. Бірінде олар жазушы болса, екіншісінде репетиторлар. Олар бұл консультацияны видеоға түсіреді, консультациядан кейін оған рефлексия жазады. Бұл олардың өз тәжірибелерін Гиббстің рефлексивті циклі арқылы өткізіп жазатын шағын эссе.

Бірінші рет үйренуші ретінде, сосын екінші рет тәлімгер ретінде. Сондықтан олар осы консультацияларда өз тәжірибелерімен жұмыс істейді, содан кейін консультациялар жазылған таспаны қарайтын және өз бақылауларын жазатын басқа жұпқа беріледі, ал бұл іс жүзінде болған жағдайға үшінші тұлғаның көзқарасы.

Олар өздерінің бақылауы бойынша есептерін ұсынады, сонымен қатар озық тәжірибелер туралы өз ұсыныстарын, не болғанын және т.с.с. ұсынады. Бақылау есебі мен рефлексиялық жұмыс негізінде студент-жазушылар мен студент-тәлімгерлер нені басқаша жасайтындары немесе олардың келесі қадамдары қандай болатыны, өздерінің не істейтіндері туралы келесі іс-қимыл жоспарын жасайды.

Сонымен жазушы үшін - олар өз шығармаларын келесі қайта қарау кезінде не істемекші, тәлімгер үшін - келесіде олар осы студентпен кеңесу үшін кездескенде не басқаша істей алады немесе олар өздерінің арсеналын толықтыра алады. олар өздерін тәлімгер ретінде қалай көретіндерін немесе оқу іс-әрекетіне қалай қарайтындықтарын қайта қарастыруы маңызды.

Сонымен осы көптеген тапсырмалардың барлығы бір бірімен жазуды да, тәлімгерлікті де, оқытуды да процесс ретінде көрсетуге байланысты. Осы сессияға дейін мен чатқа бізде бар нәрсені, студенттерге де, мұғалімдерге де қандай ресурстар беріп отырғанымызды, осы бағдарлама туралы көбірек білуге және осыған қосымша білуге болатын сөйлесу сілтемесін қалдырдым. Осы курстың тапсырмалары туралы көбірек ақпарат беретін мүшелік ресурстар бар.

Енді мен сөз кезегін модераторымыз Ти-ға бергім келеді. Ол өзі оқытатын жазу бойынша тәлімгерлер II мен III-тегі тәлімгерлер курстары туралы айтады.

[38.37] Ти Ву:

Керемет! Кэри, біздің бағдарламамыздың дамуы туралы, қазіргі курс құрылымы туралы және 391 курс студенттерін белгілі бір салада тәлімгер ретінде жұмыс істеуге қалай дайындайтындығы туралы қысқаша тарихи шолу бергеніңіз үшін үлкен рахмет.

Жарайды, енді мен Кэри айтқанды жалғастырғым келеді, келесі екі курсты және белгілі бір пәндік курстарға тағайындалған тәлімгерлер болғандағы студенттердің рөлімен таныстырғым келеді. Бастамас бұрын, біздің қатысушыларға еске салғым келеді, егер сізде қандай да бір пікірлеріңіз немесе сұрақтарыңыз болса, чатқа жазыңыз, біз сессия соңында талқылауға уақыт аламыз.

Жарайды, Керидің айтқанын жалғастыратын болсам, жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасы ұсынатын үш курстың, яғни осы үш бөлімнің өте маңызды екенін атап өткім келеді. Бұл репетиторлық, тәлімгерлік және зерттеу жұмыстары бойынша біріккен оқыту. Біз келесі үш курста осы үш бағытта жұмыс жасаймыз. Негізінде, бірінші курсты бітіргеннен кейін, олар келесі екі курста маған келгенде әрдайым қорқады.

Біз оларға жұмысын белгілі бір пәндік салада жүргізуге, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қолдау көрсетуге тырысамыз. Ия, мен пән оқытушыларымен жұмыс жасаймын, студенттерді әдебиет, тарих, саясаттану сияқты әртүрлі пәндер бойынша курстарға бағыттаймын. Біз сонымен қатар таңдауды әртараптандыруға және мүмкін болса, жаратылыстану-ғылыми пәндермен қатар инженерия бойынша курстар ашуға тырысамыз.

Осылайша, профессорлар өздерінің курстарына бекітілген студент-тәлімгерлердің менторына айналады және олармен тығыз жұмыс жасайды. Сәл кейінірек Габриэль бұл туралы толығырақ және нақтырақ айтатын болады. Біздің курстар студенттерге тереңірек түсінуге көмектесу үшін Жазу орталығының зерттеулері мен кейбір зерттеу әдістемелеріне негізделген әдебиет көздеріне сүйенеді, содан кейін олар алдыңғы курста оқымаған тақырыптарын дамыта алады және зерттеу жұмысын бастайды, өз бетінше мәліметтер жинауға тырысады және олардың сұрақтарына жауап беру тәсілдерін дамытады.

Ия, Кэри атап өткендей, студенттерді жазу бойынша зерттеулерден, Жазу орталығындағы зерттеулерден және жазумен байланысты басқа салалардан алуан түрлі тақырыптар қызықтырады. Осылайша, біз студенттерге өздерін қызықтыратын тақырыптарды, сондай-ақ өзара оқытудың ерекшеліктерін зерттеуге кеңістік пен мүмкіндіктер бергіміз келеді. Біздің студенттер басқа студенттерді тыңдайды, жазбаларындағы кейбір мәселелерді қарастырады.

Біз сапалы зерттеу әдісіне ерекше назар аударамыз - біз оларға қарым-қатынас жасауға, студенттермен сұхбат жүргізуге немесе мәтіндік талдау жүргізуге, консультациялар кезінде байқауға мүмкіндік береміз. Ия, сондықтан студенттерге осы саладағы біріккен оқуға дайындалуға көмектесу үшін біз бірнеше дайындық және рефлексиялық сабақтар өткіземіз.

Мысалы, семестрдің басында студенттер қажеттіліктерге байланысты өте қарапайым талдау жүргізіп, студенттерге белгілі бір пән бойынша курстарға не қажет болуы мүмкін екенін, студенттерге жазу бойынша тәлімгерлерден не алуға болатынын анықтайды. Тәлімгерлер студенттерді түсінуі және жалпы мәлімет алу үшін шолу жасауға бағытталған бірнеше сұрақтар дайындаймыз. Тағайындалған тәлімгерлер студенттің жаупарақ түріндегі жұмыс жобасының нұсқасын алған кезде, олар мен бұрын талқылаған кейбір нақты мәселелер туралы ойланып, маған қосымша кеңес алу үшін келеді.

Біз олармен өздерін құрдастарының тәлімгерлері ретінде қалай көрсететіндері туралы бірнеше пікірталас өткіздік, өйткені студенттер әр түрлі пәндерден болуы мүмкін: олардың кейбіреулері бір мамандықта оқиды, ал кейбіреулері басқасында оқиды және өздерінің рөлдерін түсінуге тырысу үшін студенттер және нақты курстардың сипаттамалары қандай. Мысалы, тарих, саясаттану немесе әдебиет сабақтарында көрген проблемаларына сүйене отырып, студенттермен жұмыс барысында қандай стратегияларды қолданғысы келеді.

Студенттер сонымен қатар менторлармен жазу мәселелерін қалай талқылай алатынын көру үшін мен сізге нақты мысал келтіремін. Содан кейін біз, мысалы, қандай да бір консультацияларға қандай факторлар әсер етуі мүмкін деген сияқты мәселелерді талқылаймыз. Ия, содан кейін студенттер жазбаша және ауызша кері байланыс дайындайды, сонымен бірге біз бейнежазбаны көргеннен кейін өзіндік талдау жасаймыз, атап айтқанда консультацияның нақты бір бөлігі / кезеңі қалай өтіп жатқанын және студент-тәлімгерге өз дамуының философиясын құруына көмектесу ұйымдастырылады.

[44.03]

Сонымен, сіз студенттердің Кэримен бірге сыныпта жаттығулар жасауының кейбір ұқсастықтарын көре аласыз. Алайда, бұл жолы студенттер нақты жағдайда әрекет етіп, барлығын іс жүзінде көреді. Мұнда мен жазу бойынша тәлімгерлерден алған кейбір пікірлерді бөліп көрсеткім келеді. Бұл «Әдебиеттану ғылымы» курсының студенттерінің жоба жұмысы туралы кері байланыстың мысалы. Сонымен мен осы алғашқы жобаның алғашқы екі абзацын көрсетіп отырмын. Студент-тәлімгерлер бұл жазбаша жұмысты профессордан, олардың тәлімгерінен алған кезде, сол студенттің көзқарасы

бойынша қарайды. Олар бірнеше сұрақ қоя алады, кейбір бөліктерін бөліп көрсетеді.

Мысалы, студенттердің тәлімгерлері оқиғаның белгілі бір бөлігін, қай бөлігін қызықтыратынын анықтай аламын ба деп сұрайды және қосымша сұрақтар қояды: «Осы дәйексөзге тоқталып өтсеңіз?». Мысалы, «келтірілген сипаттама мұны оқиғада айтылған белгілі бір фигураға қалай көрсетеді?» Осындай бірқатар сұрақтар. Студенттерге өз идеяларын мүмкіндігінше талқылауға, ойлануға мүмкіндік беру үшін жазушы-тәлімгерлерден көбірек сұрақтар қоюын сұраймыз. Кейде бұл әсіресе студенттерге, бірінші курс студенттеріне немесе басқа тілде жазатын студенттерге қатысты.

Кейде біз олар айта алмайтын көптеген ойлар бар екенін байқаймыз, сондықтан курстастарымен, төмен иерархиямен сөйлескен кезде олар өздерін еркін сезініп, өз ойларын бөлісе алады, бұл олардың жұмысын қайта қарау кезінде көмектеседі. Тәлімгерлер әрдайым жоба жақсы жазылғанын мақтауға немесе атап көрсетуге тырысады. Осылайша, студенттер алдымен тәлімгерлерінен жазбаша пікір алады. Жазу бойынша тәлімгерлер сонымен қатар, жұмыстың соңында, біз көріп отырғанымыздай, шеттердегі түсініктемелерден басқа жазбалар мен түсініктемелер жазады.

Біз мұны тапсырманың соңындағы қорытынды жазбалар немесе зертханалық хаттар деп атаймыз. Тәлімгерлер сондай-ақ не істегенін, нені жақсарту керектігін және бұдан кейінгі кеңестердегі талқылаулардан кейін кейбір қосымша ұсыныстарды немесе олардың жұмысынан белгілі нәтижелерді атап көрсетеді. Мұнда мен студент-тәлімгердің бірінің қысқа қорытынды жазбаларды қалай жазатынын және мысалы, студенттерге: «Менің ойымша, сіз осы эсседегі дәлелдеріңіз бен негізгі ойларыңызды жақсы жеткізе алдыңыз деп ойлаймын және маған сіздің осы екі оқиғаны қалай байланыстырғаныңыз ұнады.»

Алайда әлі де жақсартуға мүмкіндік бар. Жұмыстың кейбір бөліктерін пысықтау қажет. Сіздің тезистеріңіздің оқырмандарға түсінікті болуы үшін кіріспе бөлімінде жалпы ақпарат бере аласыз ба? Кейде сіз өзіңіздің дәлелдеріңізде нақты болмайсыз, сондықтан сізге толығырақ ақпарат беріп, оның сіздің дәлеліңізді қалай қолдайтынын көрсетуіңіз керек ». Ол сонымен қатар кейбір жерде пішімдеуді түзетуге болатындығын атап өтті.

Содан кейін ол кейбір мәселелерді келесі кеңесте талқылауды ұсынды. Мұнда біз тәлімгерлердің жұмыстың нақты сәттері туралы неғұрлым егжей-тегжейлі пікірлерін көре аламыз және олар оларды талқылай алады. Мұнда басқа жазбалардың мысалдары келтірілген. Бір студент эссенің соңында өте жақсы

қорытынды жазады, бірақ негізгі тезистік мәлімдемеге жеке тұлғаны қосу ұсынылады. Жалпы бұл жаман өрескел жұмыс емес деп жазады; дегенмен, ол оқушыны кейбір пункттер бойынша жұмыс істеуге шақырады, сонымен бірге соңында біраз қолдау көрсетеді.

Бұл қайта қарау процесінде де пайдалы болады деп үміттенемін. Бұл студенттердің тәлімгерлері беретін кері байланыс, содан кейін олар студенттерге жеке-жеке кеңес беру уақытын белгілейді, мысалы, жазу орталықтары студенттердің жазуы бойынша 30-45 минут ішінде жасайды. Олар студенттермен нақты мәліметтерді талқылайды, қосымша сұрақтарды қарастырады, сонымен қатар студенттерге сұрақтар қоюға мүмкіндік береді.

Сонымен, студенттерге түзетулер енгізіп, нұсқалық жоба жұмыстарын қайта қарау пайдалы болады деп үміттенеміз. Жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасында біз мұғалімдер оқушыларды жақсырақ түсініп, оқытуды ұйымдастырудың осы түрінің пайдалы-пайдалы еместігін анықтай алуы үшін әрдайым осы кеңес парағын соңғы жобаға мұқаба бет ретінде қосуды ұсынамыз.

Біз мұны жазу бойынша оқытушыларға арналған нұсқаулыққа енгіздік, сондықтан сізді қызықтырса, қарап шығыңыз. Әдетте, кейбір сұрақтардың үлгілері студенттерден осы жазбаша жұмыста өздерінің мақсаттары туралы жазуды сұрайды. Сізге бұл жұмыста не ұнайды? Тәлімгердің ескертпелері негізінде қандай өзгерістер жасағыңыз келеді? Консультациялар сіздің жұмысыңызға пайдалы болды ма, бұл сіздің жұмысыңызды қайта қарауға әсер етті ме? Осылайша, студенттер өз жұмыстарын редакциялау барысында осы процесс туралы ойланатын болады.

[50.10]

Бұл жалпы процесс, өйткені біз мұны әдетте осылай жасаймыз. Бұл әдеттегі цикл, бізде осы сессияға қатысушыларға арналған ресурстар бар. Белгілі бір пән бойынша курста белгілі бір тапсырмалардың қалай қолданылатындығын және осы кесте мен процестің қалай жүретінін көруге болады. Практикалық тәжірибеден зерттеуге дейін біз бұл процеске әдебиетке қарағанда әр түрлі жағдайда қатысып, әр түрлі мәселелерде ой қозғадық.

Біз курстас тәлімгерлердің рөлін олардың арасында кеңістік болуы мүмкіндігінде және олардың өз идеялары туралы еркін сөйлесе алатындығын ерекше атап өткенімізбен, біз кейбір басқа мәселелерді, мысалы, әдебиетте, сондай-ақ студенттерге әсер ететін билік пен иерархияға негізделгенін көре

аламыз. Осы процесте жасалған сенім және барлық авторлықты біз келесі мысалдан да көре аламыз.

Студенттер мен жазу бойынша тәлімгерлер бұл сұрақтарды қоюдың өзіндік стиліне ие бола алады, дегенмен мақсаты оларға көмектесу болса да, студенттер ретінде түсініктемелерді басқаша қабылдауы мүмкін. Сондай-ақ, нұсқамалық және директивті емес тәсілдердің айырмашылықтары, студенттердің тәлімгерлері оларға неғұрлым тиімді болу үшін түсініктеме беруі керек және олардың тәжірибесі негізінде жалпы жазушылық тәлімгерге немесе сарапшы тәлімгерге бөлу туралы пікірталастар бар.

Консультациялар кезіндегі өзара әрекеттесу динамикасы қандай, сонымен қатар Кэри атап өткендей, тіл мәселесі, атап айтқанда біздің контекст, біздің университеттің және қоғамдастықтың көп тілді контекстінде. Бұл сұрақтардың барлығы тәлімгерлер мен студенттерге байланысты әр курстан курсқа, сонымен қатар әр бөлімде және консультацияларда әртүрлі. Біз оң пікірлерді, сонымен қатар кейбір қарсылық мәселелерін де көрдік.

Әйгерім өзінің тәжірибесімен бөліскенде не айта алады, бірақ осы саладағы барлық тәжірибеге сүйене отырып, мұндай тәжірибелер мен проблемалар студенттерді ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыта отырып, ойландырады және ой қозғауға мәжбүр етеді. Біз бұл консультацияны студенттермен тығыз байланыста өткізгенде, олар бір уақытта өздерінің зерттеу тақырыбы туралы ойланған кезде, бұл оларға ой жүгіртуге мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың стратегияларының жұмыс істеп тұрған-істемейтіндігін тексеріп, теория мен әдебиетті тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әйгерім өзінің тәжірибесімен бөліскенде не айта алады, бірақ осы саладағы барлық тәжірибеге сүйене отырып, мұндай тәжірибелер мен проблемалар студенттерді ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыта отырып, ойландырады және ой қозғауға мәжбүр етеді. Біз бұл консультацияны студенттермен тығыз байланыста өткізгенде, олар бір уақытта өздерінің зерттеу тақырыбы туралы ойланған кезде, бұл оларға ой жүгіртуге мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың стратегияларының жұмыс істеп тұрған-тұрмағанын тексеріп, теория мен әдебиетті тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы, белгілі бір тақырыпқа сүйене отырып, олар өздері үшін өзіндік әдебиет, өзіндік ізденіс жасай отырып, осы академиялық әңгімелерге қалай қосыла алатындығын көруге тырысуы мүмкін. Зерттеу бөлімі студенттерге осы процесті талдауға және ойлануға көмектеседі. Бағдарламаның үш бөлімі де тәлімгерлікті, ал соңғы екі бөлігі зерттеуді қамтиды.

Мен мұнда жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасындағы үшінші курстың кейбір жалпы тақырыптарын атап өтемін, сонымен қатар Кэтрин бізбен бірге болған кезде жасалған және ол көптеген тақырыптардың дамуына үлес қосты. Бағдарламаның соңғы екі курсына студенттер негізінен ұқсас тапсырманы орындайды: олар белгілі курстарға тәлімгер ретінде тағайындалады және зерттеу жүргізеді, бірақ үш курстың соңғы курсы оларға терең теориялық негіз, сонымен қатар нақты тақырыптар ұсынады олар өз аумағында және өз зерттеулерінде көрініс бере алады.

Мысалы, жазу орталығындағы нақты мәселелер: пост-отаршылдық сияқты әртүрлі идеологиялардың жазу орталығын зерттеуде қалай көрініс тапқаны және жазу орталығы мен жазу бойынша оқытуды әр түрлі идеологияның объективі арқылы қалай зерттеуге болатындығы.

Мысалы, студенттер бұл оқу процесінің кейбір сыныптарда отбасылық тұрғыдан қалай жұмыс істейтінін немесе жұмыс істемейтінін көре алады. Сонымен қатар бірлескен оқыту процесінде, әлеуметтік-мәдени тұрғыдан, мұның оқушыларға қатысты, білімді қалыптастыруда қалай жұмыс істей алатындығы. Сондай-ақ когнитивті ғылым тұрғысынан.

[55.13]

Осы мәдени мазмұнда айтылған тағы бір әдіс - біз студенттерге өз эсселерін дамытуға көбірек еркіндік беруге тырысқанымызбен, тілдік мәселелердің кейбірін, студенттердің жазудағы төменгі деңгейдегі проблемаларын болдырмау қиын. Қарама-қарсы риторикаға, сондай-ақ кейбір лингвистикалық тіркестерге ұқсас, біз бұл туралы әрі қарай талқылайтын боламыз. Сонымен қатар студенттер өздеріне қарағанда жоғары курстарда болатын, немесе неғұрлым арнайы білімге ие болатын басқа студенттерге норма көрінетін нәрсені жасау өздеріне қиынға соғатынын байқау мүмкін. Сонымен студенттер де әртүрлі иерархияларды сезіне алады. Олардың оқу стратегиялары туралы, сондай-ақ өздерінің ғылыми жобалары туралы ойлайтын студенттерге оларды қалай біріктіруге болатыны бойынша көмектесе алады.

Соңғы курстарда біз бұл туралы тағы бір рет талқылаймыз. Кэри бұрын айтқан нәрсеге сүйене отырып, олар әртүрлі тақырыптарды дамытады. Кейінірек, келесі екі семестрде студенттер әртүрлі тақырыптарды қарастырады. Бұл біздің студенттер соңғы семестрде жазған ғылыми жұмыстардың бірнеше тақырыптары, мысалы, көптілді жазушыларды оқытудың тиімді стратегиялары. Олар бұл үшін тақырыптық зерттеулер, яғни кейс-стади жасай алады, мысалы, немесе тілдер арасындағы оң және теріс

интерференциялардың мысалдарын, консультацияларда байқамаған кейбір құбылыстарды, сондай-ақ студенттердің жазбаша жұмыстарында көруге тырысады. Сонымен қатар олар кейбір тақырыптарды кеңейтуі мүмкін, мысалы, НУ студенттерінің көпшілігі STEM факультетінің студенттері болғандықтан, студенттер белгілі бір жазбаша тапсырмалар туралы не ойлайтындығын немесе мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған жазудағы кейбір мәселелерді, сонымен қатар басқа да әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде өзара әрекеттесудегі гендерлік сәйкестік пен мәдени тақырыптарды зерттей алады. Яғни, студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастыру және одан әрі дамыту үшін қызықты болатын осындай тақырыптар алынады.

Тұтастай алғанда, біздің барлық тәлімгер-студенттердің өзіндік ерекшеліктері, әр түрлі жазу тәжірибелері, білімі, қызығушылықтары, сондай-ақ тұлғалық дағдылары бар екенін айтқым келеді. Сондықтан олар жазу туралы сөйлесіп, басқа курстастарымен ақылдасып, кеңес жүргізе алуы үшін мен оларды белгілі бір жолмен дамытуға тырыстым. Алайда, олар дағдыларды бірлесіп оқыту, зерттеу және тәлімгерлік арқылы алады.

Сонымен егер студенттер оқуын бағдарламада соңғы жылы жалғастырса, алдыңғы, екінші курста аға тәлімгер бола алады. Осылайша оларда көшбасшылық қасиеттер де дами алады. Осы дағдылардың барлығы студенттерге әрі қарайғы оқу процесінде, «Жазу бойынша тәлімгерлік» бағдарламасы аяқталғаннан кейін, олардың болашақтағы дамуы мен мансаптық өсуіне пайдалы болады деп үміттенеміз.

Осылайша, біз осы дағдылардың кейбіреулерінің басқа жерлерде де қолданылатынын көре аламыз. Енді біз профессорлардың студенттерімізбен ынтымақтастық тәжірибесі туралы тыңдағымыз келеді. Сондықтан мен енді профессор МакГуирге сөз бергім келеді. Тәжірибеңізбен бөлісе аласыз ба? Жазу бойынша студент-тәлімгерлермен қалай жұмыс жасайсыз және сіз, әсіресе, өз курстарыңызда студенттердің жазуын қалай көресіз?

[59.27] Габриэль МакГуайэр:

Көп рахмет, Кэри. Мен осы тақырыптарды қозғағаныма қуаныштымын және сіздермен қысқаша презентациямен бөліскім келеді. Шынымды айтсам, бұл негізінен мен қай тақырыпта сөйлескенімді және қай тақырыпта сөйлеспегенімді қадағалап отыру үшін қажет. Онда маңызды ақпарат аса көп емес.

Енді, мен WLL110 курсының оқу нәтижесі ретінде жазудың маңыздылығын талқылайтын боламын және Тидің айтқаны есіңізде болса, бұл әр түрлі академиялық пәндер бойынша нақты жанрларды жазуға қалай үйренуге болатындығымен байланысты. Егер сіз менің PPT презентациямның жоғарғы жағын көрсеңіз, дәл осы жерде мен WLL110 курсының оқу бағдарламасында көрсетілген оқу нәтижесін көшіріп алдым, бұл көптеген нұсқалардың бірі, бірақ оның жазуға нақты қатысы бар.

Мұнда әдеби талдау ережелері мен әдістерін, оның ішінде формаларын (тезистер, тақырыптарға кіріспелер мен MLA сілтемесін қолдану) және мазмұнын (интерпретациялық тезистердің түрлері және әдеби дәлелдемелер түрлері) білу туралы айтылады. Пішін академиялық пәндер бойынша біршама сәйкес келеді, бірақ әдеби талдаудың мазмұны бойынша көп айырмашылық бар.

Қоғамдық ғылымдардағы жазба жұмыстарында көп көңіл бөлінетін дағдылар - біз студенттерден қаламайтын нәрселер. Қайта фраздау - бұл тілдің бастапқы түрде қалай қолданылатындығын талдауға тырысқан кездегі ең жақсы шешім емес. Ана тілінде сөйлеушінің сөздерінің мағынасы - бұл өзіндік шешім, сондықтан біз оқушыларға бірдеңе қалай айтылатынына назар аударуға және автордың тілін өз шығармаларында қалай қолдануға болатындығын білуге үйреткіміз келеді.

Төменде мен қоюға болатын сұрақтың мысалы, мен оны жазбаша түрде сұрадым және ол Алиса Манро және Джеймс Болдуиннің әңгімесінде хаттың құрал ретінде қолданылуын салыстыруды сұрайды. Сұрақтың нақты болу себебі, мен бұл идеяны студенттерге интернеттен табуға болатын барлық нәрсені бейнелеуге емес, ерекше тезис жасауға бағыттау үшін әріптестерімнің бірі доктор Виктория Торстенссоннан алған болатынымын.

Осы әңгімелердің көпшілігін, егер сіз интернеттен қарасаңыз, онда олар туралы ауқымды пікірлер таба аласыз. Интернеттегі кез-келген нәрсе негізінен қажетсіз. Сондықтан мен студенттер шынымен өздері ойланып, түпнұсқа болғанын қалаймын. Сәл ойландыратын сұрақ қою арқылы біз оларды осылай етуге шақырамыз, бірақ шын мәнінде студенттерге жазушылық дағдыларды үйретудің кілті - жобаны жасау және қайта қарау.

Мен көптеген жылдар бойы жазуды үйретудің әртүрлі әдістерімен тәжірибе жасап көрдім, бірақ есімде, біз көп жыл бұрын Висконсин Университеті-Мэдисон Жазу Орталығының жазу семинарында болғанымызда, сол Жазу Орталығының директоры бұл туралы кері байланыста жобалық нұсқаның

маңыздылығын айтты, студенттер оған назар аударады, оқиды және одан сабақ алады.

Жазбаша жұмыстың соңғы нұсқасы туралы кері байланыс онша маңызды емес: сіз оны студенттер оқитынына сенімді бола алмайсыз, егер олар оқыса да, бәрібір оны ұмытып кетеді. Мен өз сабағымда жобалық нұсқасын тапсыруды сұрағанда, бұл шынымен де қуатты идея екеніне көзім жетеді.

Енді WLL110-де оқитын студенттердің саны әр семестрде көбейіп келе жатқанын ескерсек, соңғы семестрде ол тіпті 100 студентке жетті, бұл менің бір-екі аптада бағалап, пікір жаза алатынымнан әлдеқайда көп жобалық нұсқа болып шығады.

Сонымен, жазу бойынша тәлімгерлер менің студенттерім үшін өте маңызды ресурс болды, менің ойымша, әсіресе осы күзгі семестрде олар адамның жауап беру қабілеттілігін арттыруға, онлайн оқыту тәжірибесіне қоғамдастық сезімін арттыруда шешуші рөл ойнады, сонымен қатар олар кері байланысты зерттеу үшін осы жауапкершілікті алатынын көрсетті.

Сондай-ақ, олар белгілі бір пәндер бойынша кері байланыс беру, әсіресе әдеби талдау жасау дағдыларын дамытуы керек, және Кэри де, Ти де атап өткендей, олар әдебиет емес мамандықтағы студенттердің әр түрлі жанрларда жазу дағдыларын дамыту үшін тәлімгерлердің қалауы бойынша студенттерді ала алады.

[1.04.11]

Сонымен, мен мұны қалай істеймін? Мен ең алдымен жасайтын нәрсе - бәрімізден отыруды және топқа бірігуді, оқушылардың біреуінен бүкіл топтың алдында белгілі бір студенттің есебі бойынша кері байланыс беру үшін жауапкершілікті алуын сұраймын, және менің ойымша, қай жерде, мақала неғұрлым күшті немесе әлсіз болғанын атап өтіп, өзімнің параллельді кері байланысымды бере аламын.

Менің ойымша, Әйгерімнің алдында өткен семестрде «жазба жұмыстары бойынша тасымалдаушы» болу керектігі жөнінде тапсырма тұрды. Мұны мен әдебиеттің контекстінде жақсы жазылған жазудың түрін көрсету тұрғысынан өте пайдалы деп санаймын. Әрине, содан кейін студенттер жазуға байланысты өздері пікір айтуды үйренуі керек, мен оларды солай етуге шақырамын.

Егер оларда белгілі бір жұмыс туралы сұрақтар туындаса, онда сіз менімен жеке консультацияны жоспарлай аласыз, онда біз жазбаша жұмысты қарастырып, қандай кері байланыстың орынды немесе жақсы болатынын талқылай аламыз, ал кейде студенттің осындай хабарламаны дұрыс жаза

алатындығын көріп, жақсы жұмысы үшін тек мақтаудан басқа ештеңе айта алмайтын да жағдайлар кездеседі.

Басқа жағдайларда, әрине, бұл жұмыстың осындай ретсіздігіне байланысты болады, студент кері байланысты қалай қамтамасыз ететіндігін білмейді және мен олармен осы жағдайда не істеуге болатындығы туралы сөйлесемін. Осы мақалалар бойынша кері байланыс беру дағдыларын жетілдірудің тағы бір маңызды аспектісі - бұл студенттердің жазудың көптеген мысалдарын қарастыру тәжірибесі.

Жазу бойынша тәлімгерлердің көпшілігі қай шығарма жақсы жазылған, қайсысы әлсіз деген түсініктері бар екенін айтты, бірақ іс жүзінде жұмыс барысында әр тәлімгерде салыстырмалы түрде күшті және салыстырмалы түрде әлсіз жұмыстардың жиынтығы болуы керек.

Оқытушы ретінде маған қиындық туғызатыны, ол қай студенттің күшті және әлсіз жақтарын біріктіріп орта деңгейде жазып жатқанын білу, және мәселенің тағы бір бөлігі мынада, бұл мен студенттердің жазба жұмысымен танысқанға дейін болатындығында.

Мұны бақылауға тырысқан тәсілдердің бірі, негізінен, барлық тәлімгер-студенттердің үшінші, екінші және бірінші курс студенттерінің арақатынасының тең болуын қамтамасыз ету, сонымен қатар әдебиет студенттері мен басқа бағыттағы мамандықтағы студенттер арасында тепе-теңдік табуға тырысу. Әрине, бұл идеал әдіс емес, бірақ көмектеседі.

Биылғы күзгі семестрде, бұл қашықтықтан оқыту сыныбы болғандықтан, студенттер жазбаша жұмыстың алғашқы нобайын жазу керек болғанға дейін көптеген қысқа апталық жазбаша тапсырмаларды орындады. Сондықтан, бұл жағдайда мен жұмысты кім А(беске), кім В(төртке), кім С(үшке) орындайтынын білдім.

Мен әр тәлімгерде қисықтың шыңында болатын және әлі де болса жазушылық қабілеттерін дамытуды қажет ететін шәкірттер саны бірдей болатындай етіп бөле алдым. Мұның бәрінің тағы бір аспектісі - студенттерді жазу бойынша тәлімгерлік концепциясымен таныстыру және онымен бірге туындайтын қақтығыстарды басқару. Мен бұндай қақтығыстар салыстырмалы түрде сирек кездеседі деп айта аламын.

Студенттерден өз эссесінің қалай өзгергені туралы, жобаның алғашқы нұсқасы мен жұмыстың соңғы нұсқасының айырмашылығы неде екендігі туралы ойларын жазуды өтінемін, және жалпы, ойлар әдетте өте жағымды, студенттерге жазу бойынша тәлімгерлермен жұмыс ұнады. Шынында да, осы

семестрдегі курс бағаларында студенттер қашықтықтан оқыту тәжірибесіне, мен берген көптеген тапсырмаларға және т.б.көңілдері толмайтынын айтты.

Студенттер негізінен жазу бойынша тәлімгерлері туралы оң пікірлер айтты. Сонымен қатар, менің байқағаным, егер сізде жалпы жоба нұсқасы болса және оған түзетулер енгізсеңіз, онда бұл түзетулер сіздің рейтингіңізді жоғарылатады деп күтуге болады. С бағалары В-ға, ал В бағалары А деңгейіне айналады. Бұл, әдетте, мен немесе студент- тәлімгерлердің жазбаша жұмыс жобалары бойынша кері байланыс жасайтындығына қарамастан дұрыс болады.

Маған тәлімгердің айтқанының бәрін түзедім деген студенттер келеді,бірақ бәрібір бұл жұмыс үшін төрт алады. Сонымен, сұрақ туындайды, бұл жағдайды шешу үшін біз не істей аламыз? Менің ойымша,әуел бастан студенттерге жазу бойынша тәлімгерлердің не істеуі керек екенін, олардың рөлі мен функцияларын нақты түсіндіру қажет.

[1.09.33]

Сонымен тәлімгер-студенттер оларға жазба жұмысының формасы бойынша кері байланыс ұсынады, бірақ студенттер өздері мен тағайындаған әңгімелерді оқитын адамдар екенін анық айтамын. Олар менің сыныбымда әдеби талдау концепциясын тыңдайды. Олардың міндеті- мазмұнды ойлап табу, және олар оны орындай алады. Мен студенттерге процесс үшін шынымен де жауапкершілікті сезіну керектігін атап өтемін.

Менің ойымша, өте пайдалы болуы мүмкін тағы бір нәрсе, шынын айту керек, бұл студенттерді еститін құлақ бар екеніне көз жеткізу. Сондықтан, егер студенттің шағымы болса, мен онымен отыруға және талқылауға уақыт бөлемін. Мен онымен бірге тәлімгерлердің түсініктемелерін қарап шығып, оқушыға белгілі бір жерде тәлімгердің кеңесін қалай ұстану керектігін көрсетуге тырысамын.

Дегенмен, кей уақытта тәлімгер өте жақсы сұрақ қойғанмен, олар бұл идеяларды толық түсінбейді немесе ескермейді. Мен бұндай көзқарасты өте пайдалы деп санаймын, себебі, бір жағынан, басқалар сияқты, біз алдымен қарапайым заттарды жөндеуге бейімбіз, ал абстрактілі не күрделі заттар көбіне асығыста жоғалып қалып жатады.

Күтулер мен тартыстарды басқарудың тағы бір аспектісі келесі слайдта көрсетілген, бұл тәлімгерлердің кері байланысы, жобаның соңғы нұсқасына пікірлер және бағалау. Қорытынды бағалар қоюға келгенде, мен бірінші кезекте жобаның эскиз нұсқасын оқып, жазу бойынша тәлімгерінің берген кері байланысына назар аударамын, содан кейін қорытынды жұмысты оқып, қандай өзгерістер енгізілгенін көремін. Қандай ескертулер ескерілді және қандай ескертулер ескерілмегеніне көңіл аударамын.

Мұны істеуімнің бір себебі - бұл маған профессор ретінде өте пайдалы, бұл студенттер мен эсселердің маған әдебиет профессоры ретінде ғана емес, оларды оқитындардың барлығы үшін мағынасы болуы керек екенін ескеруге көмектеседі. Көбінесе мен күнделікті ұсақ нәрселерге назар аударатындықтан, тәлімгерлердің түсініксіз ұйымдастыру және нақты түсіндірудің болмауына байланысты проблемаларды атап көрсеткендерін жиі байқаймын.

Менің бұлай жасауымның тағы бір себебі, мен өзімнің пікірімді жазған кезде тәлімгердің кеңес бергенінен және өзінің не істегенін, сонымен қатар жазу бойынша тәлімгердің талабынан нені жіберіп алғанын айтуға тырысамын.

Сонымен, бұл студенттерге жазудың бір реттік жұмыс емес, өзгертулер мен түзетулер енгізуді көздейтін процесс екенін дәлелдейтін сұхбаттар тізбегі, диалогтар сериясы екенін көрсетеді. Мен оларға ғалым ретінде өзімнің өрескел еңбектерімді әлі күнге дейін қайта қарастырып жүргенімді, әріптестеріммен бөлісіп, пікірлерін сұрайтынымды жиі еске саламын.

Бұл назар аудару керек процестің өте маңызды бөлігі және мені өзімнің презентациямның соңғы нүктесіне жеткізеді, яғни менторлар арасында кері байланыс беру мен жазбаша жұмысты қайта қарау үдерісін модельдеу үшін студенттерге жазбаша мысал келтіремін. Бірнеше жыл бұрын мен жазу бойынша тәлімгерлермен жұмыс жасағым келгенде, сол семестрде олардың саны өте аз болды, ал Кэтрин Лам менімен сыныптағы басқа оқушылардың топтық кері байланысын қолдану тәсілдері туралы ықыласпен сөйлесті.

Мен бұған дейін де бірнеше рет қолданған жазбаша жұмыстардың жобаларына кері байланыстың бір түрі ретіндегі нұсқаға байланысты аралас ойларды сезінетінмін, ал Кэти Лам шын мәніндегі құрылымды қалай жақсартуға болатындығы туралы керемет ұсыныстар жасады.

Атап айтқанда, менің одан алған бір идея: студенттер үш топқа бөлінеді, алдын-ала талдау үшін жазбаша жұмыстар алады және топтағы әр үш

студенттің өзіне тән жауапкершілігі бар. Олардың біреуі басқа оқушының жұмысын оқып, оған жазбаша кері байланыс түріндегі пікір беруі керек.

Басқасы сол жұмысты оқиды да, оған тек ауызша кері байланыс береді, және оларда белгілі бір мәселелер мен сұрақтарды іздеу үшін қолданылатын осы жазбаша жұмыс бар. Мен болашақта не істегім келеді дегенді студенттердің тәлімгер тізбегіне соңғы қадам ретінде қосу керек. Әдетте олар жобаның екі нұсқасын бағалайды немесе кері байланыс береді.

Теориялық тұрғыдан алғанда, бізде үшінші жазбаша жұмыс болуы мүмкін, сондықтан оқушылар осындай шағын топта өз пікірлерін жазады, және менің ойымша, бұл шолу мен кері байланыс процесін кеңейту мен дамытудың керемет тәсілі болар еді.

Өкінішке орай, 100 оқушыны қамту өте қиын, жүз оқушысы бар сыныпқа 1200 сөзден тұратын үш жазбаны сыйғызу қиын. Демек, бұл теориялық арманның бір түрі деуге болады. Менің айтайын дегенім осы. Егер сабақтың соңында сіздердің маған сұрақтарыңыз болса, мен, әрине, оларға қуана жауап беремін.

[1.15.26] Ти Ву:

Жақсы. Габриэль, жазу бойынша студент- тәлімгерлермен жұмыс істеу барысындағы тәжірибелеріңіз бен ойларыңызбен бөліскеніңіз үшін көп рахмет. Енді мен біздің студенттердің өкілі Әйгерімді өз тәжірибесімен бөлісуге шақырғым келеді. Әйгерім, жазу бойынша тәлімгер ретіндегі тәжірибеңіз туралы және тәлімгерлік үдеріс туралы ойлағанда нені еске түсіре аласыз?

Әйгерім Жолдас:

Осы сұрағыңыз үшін Ти, сізге рахмет. Мен сіздермен өз тәжірибеммен бөлісуге келгеніме өте қуаныштымын. Шағын презентацияны көрсету үшін экранды қосуым керек деп ойлаймын. Естуіңіз бойынша, мен жазу бойынша аға тәлімгер болдым. Мен «Әдебиеттануға кіріспе» курсына жазылдым, іс жүзінде профессор МакГуайэрмен екі рет жұмыс істедім.

Енді мені академиялық жазу орталығында өтетін оқу практикамының бір бөлігі ретінде саясаттану курсына жіберді. Мен саясаттану және халықаралық қатынастар мамандығын игергендіктен және маған тағайындалған курстың өміршең болғандығынан, бұл мен үшін өте қолайлы орта дер едім.

Мен осы барлық 390, 391 және 392 курстарда оқыдым -. Атап айтқанда, егер 390 туралы айтатын болсақ, мен оны 2019 жылдың күзінде өттім, және мен әдетте курс екі негізгі бөлікке бөлінген деп айтамын, атап айтқанда- зерттеу жұмысы мен жазба жұмыстарды, атап айтқанда, рефлексиялық жазуды орындауға қажет әдебиеттерге шолу.

Әдебиет шолуларына келетін болсақ, менің ойымша, бұл менің екінші оқу жылым және мен көптеген мақалаларды бірінші рет оқыдым және олардың барлығын болашақ зерттеу тақырыбымды анықтау үшін жинақтауға тура келді. Сондықтан бұл өте пайдалы болды деп ойлаймын, әсіресе бұл бізді 391 курсқа дайындағандықтан, өйткені мен осының бәрін оқып шыққаннан кейін өзім үшін әдіснамада мүмкін болатын нұсқаларды білдім, өзімнің зерттеуімді қалай жобалай аламын және ғалымдар арасында орын алған «сөйлесу» дегенді білдім.

Рефлексиялық жазу туралы айтатын болсақ, Кэри айтқандай, бізде бірнеше тапсырмалар болды. Бақылау жүргізу сияқты, тіпті алғашқы тапсырмада әркім өзінің жазушылық жолдағы өмірбаяны туралы айту болды. Менің ойымша, рефлексиялық жазудың бұл түрі маған студенттермен кеңесу барысында өзім туралы білуге, не туралы және неге соны сұрайтынымды ұғынуға көмектесті деп ойлаймын. Осы сұрақтарды қою үшін қандай сөздерді таңдау керектігіне мән бердім.

Сондықтан бұл маған тең құқықты тәлімгер болуға дайындалуға көмектесті. Бұдан басқа, мен осы курстың есімде қалған екі аспектісін атап өткім келеді. Біріншіден, біз тәлімгер рөлін алуымыз керек болатын. Бұл біздің консультациялардың қалай жүретінін бірінші рет көруіміз болды.

Тағы бір тапсырма эссе үлгілерін тарату және шекті түсініктемелер жазуға мәжбүр болдық, содан кейін түсініктемелер басқа студенттердің пікірлерімен салыстырылды, бізде сондай пікірлер болды ма және т.б. Бұл жаттығу маған өзіме «о, мен жазуды шынымен түсінемін, проблемаларды шынымен анықтай аламын» деп сендіруге көмектесті.

Бұл жұмыстағы қиын мәселелерді мен ғана көріп қоймай, басқалары да көреді, ал бұл сіздің қабілетіңізге және тәлімгер ретіндегі дағдыларыңызға сенімділік туғызады. Келесі курс 391 курс болды. Бұл 2020 жылдың көктемінде болды. Бұл курста біз жазу бойынша тәлімгерлер, құрдастар мен зерттеушілер ретінде болдық.

Тәлімгерлік тәжірибесі туралы бір минуттан кейін айтамын, бірақ ғылыми-зерттеу жұмысы тұрғысынан менің ойымша, бұл біраз қиын болды, өйткені

2020 жылдың көктемінде пандемиялық жағдайға байланысты біздің бағдарламамыз бен семестріміз біршама бұзылды, бізге үш-төрт апта демалыс алып, кестеден тыс қалуға тура келді.

Сондықтан бәрі асығыстықта болды, біз онлайн оқуға бейімделіп, басқа студенттермен, жазу бойынша тәлімгерлермен ынтымақтастық орнатып, жазбаша консультацияны бақылауға рұқсат сұрадық - бәрі сәл қиын болды. Одан басқа, менің ойымша, деректер жинауға және осының барлығын талдауға тырысу аздап қиын болса да, өте пайдалы.

[1.20.41]

Ал соңғы курс - 392. Бұл 391-ден сәл өзгеше болды, өйткені бұл курста мен тәлімгер / ментор рөлін алуым керек еді. Мен жазу бойынша аға тәлімгер болдым, сондықтан мен жаңадан бастаған басқа тәлімгерлермен жұмыс істеуім керек болды, бұл өте қызықты болды, өйткені мен енді студент-тәлімгерлерімен қарым-қатынас орнатып, көшбасшылық қабілеттерімді дамытуым керек болды, бұл мен үшін өте оңай болды, өйткені мен бұл тәлімгерлерді бұрыннан білетінмін, біз доспыз.

Сондықтан бізге қарым-қатынас жасау өте оңай болды. Бізде тіпті өз чатымыз болды, онда біз бәріміз туралы әңгімелестік, біз өз жолымыз туралы бейресми әңгімеден бастап, тәлімгер болу қандай болатыны, студенттермен жұмыс істеу мен тіпті кездесулер тағайындауға дейін. Мысалы, егер олар жазба жұмыстары бойынша көмекке немесе кеңестерге мұқтаж болса, мен әрдайым көмектесе алар едім, тіпті біз бірнеше кездесу өткізіп, онда бір эссе туралы әңгімелестік және осы жұмыс туралы және ондағы проблемалар туралы өз пікірімізді ортаға салдық.

Менің ойымша, бұл жаңадан жұмыс бастаған тәлімгерлерге сенімділікті арттыруға көмектеседі, бірақ мен әрдайым оларға тағайындалған курстың оқытушысымен кездесуге және олардың берген түсініктемелерінің кем дегенде дұрыс бағытта болуына көз жеткізуге кеңес беремін. Осылайша, мен үш семестрге жуық тәлімгер болдым.

Оның сыртқы көрінісінің жалпы құрылымы мынадай: негізінен, семестрдің басында біз тәлімгер оқытушымен кездесеміз, бізді профессормен таныстырады және біз оқу жоспары / оқу бағдарламасымен танысамыз. Әдетте біз жазбаша жұмыстардың орындалу мерзіміне назар аударамыз. Сонымен, әдетте бірінші эсеге берілетін мерзім төртінші немесе бесінші аптаның соңында болуы мүмкін. Айталық, егер жобаны ұсынудың соңғы мерзімі жұма

болса, онда біз осы мәселелер бойынша түсініктеме беріп, консультация өткізуге екі апта бар болады.

Әдетте мен бұл процеске қалай қараймын: бірінші аптада мен жобаны оқып, шекті түсініктемелер беремін, келесі аптада кездесулер мен консультациялар өткізуге арнаймын. Сонымен, барлық жоба жұмыстарының алғашқы нұсқаларын алған бойда студенттерге алдын-ала жазылуды сұрайтын электронды хат жіберемін, сондықтан дүйсенбіде кіммен кеңес беретінімді алдын-ала білемін.

Яғни, мен күтпеген жағдайлар туындаған кезде уақытты үнемдей алатындай немесе қажет болған жағдайда профессормен де кездесетін етіп, олардың еңбектерін оқуға көңіл бөле аламын. Сонымен қатар, бір семестрде әдетте екі немесе үш эссе болады, яғни мен әр студентке бір семестрде үш эссе қарастыруым керек, әдетте 10 немесе 8 студент бар.

Жалпы, студенттер жазу бойынша тәлімгермен жұмыс істеуге қуанышты, өйткені оқытушылар оларды оқу бағдарламасымен таныстырғанда біздің рөліміз туралы айтады, және олар біздің ынтымақтастығымыздан не күтетінін біледі. Әдетте консультация кезінде мен оларға алдын-ала қарау үшін жіберілген шекті түсініктемелерге қатысты қандай-да бір нақты сұрақтары бар-жоғын сұраймын немесе талқылауға белгілі бір мәселені қалайтынын, өз жұмыстары туралы олардың пікірлерін сұраймын.

Кейде студенттер өз жұмыстарына өте қанағаттанып, өздеріне сенімді бола алады. Бұл жағдайда түсініктемелер, консультациялар сәл ұқыпты, мейірімді болуы керек деп ойлаймын, өйткені енді сіз олардың өз жұмысымен мақтанатынын білесіз және сіз оған қарсы шыққыңыз келмейді, оған күмән келтірмейсіз. Бірақ көп жағдайда олар өз жұмысына риза емес, сондықтан олар тәлімгерлермен жұмыс істеуге дайын. Тәлімгер студенттің жұмысы туралы өзінің көзқарасымен достарымен сөйлескендей бөліседі, сондықтан менің ойымша, бұл бірін-бірі оқыту деп аталады, солай ма?

[1.25.34]

Әрине, қарсылық танытатын студенттер де бар, мүмкін бір студент қарсы тұруы мүмкін, және көбінесе олардың қарсылығы олардың жазуларына өте сенімді болуынан немесе жоғары курста оқып жатқандығынан туындайды және сіз оған өз жұмысын жазу туралы кеңес беретін екінші курстың студентісіз, сондықтан олар оны қабылдағысы келмейді, өйткені олар өздерінің жақсы дағдылары бар деп ойлайды немесе керісінше, олар өздерінің

жазушылық қабілеттеріне сенімді емес, өздерін қорғалмаған сезінеді және сіздің кеңесіңізді қабылдауға дайын емес.

Мұндай оқушылармен жұмыс істеген кезде мен оларға қысым жасамаймын және достық атмосфераны құрамын. Бұл достық орта оларға «жұмыс бағаланбайды, тек талқыланады» екенін ескертуі керек. Біз не істей алатынымызды, не жақсы болатынын талқылаймыз және қарсылық білдірген студенттерді итермеу маңызды деп ойлаймын, өйткені соңында олар осы кеңесті орындай ма, жоқ па, оны өздері шешеді.

Жоғарыда айтқанымдай, мен саясаттану және халықаралық қатынастармен айналысамын, енді мені саясаттану курсына қосады. Бұл менің осы салада білімім бар және нақты кеңестер бере аламын дегенді білдіреді, дегенмен мен көбіне бәріне бірдей көзқарасты ұстанамын. Профессор Макгуайэр айтқандай, жұмыстың нәтижесі студенттердің өздеріне байланысты болады, сондықтан, мен әдебиеттану ғылымына кіріспеде, тіпті осы озық саясаттану курсында жалпыға бірдей әмбебап тәсілді қолданамын, бұл оларға көп көмектеседі деп айтар едім.

Біздің зерттеу жұмысымызға келетін болсақ, ол осы бағдарламаның негізгі элементтерінің біріне айналды. Мұнда менің тақырыбым жазу бойынша тәлімгерлермен консультациядағы директивалық тәсіл туралы болғанын көруге болады.

Менің зерттеу тақырыбы ретінде осы мәселені таңдауымның себептерінің бірі консультация кезінде мен студенттерге оның жазған эссесінде туындаған мәселе және оны шешу бойынша тура айта аламын ба әлде оны оған тек бағыттау керекпін бе деген толғаныс болды.

Бұл расында да бір проблема болды, мен директивалық тәсілдің артық болатынын білмедім. Бұл мен зерттегім келген сұрақ. Әдістеме және дизайн тұрғысынан мен үш-төрт консультацияны қадағаладым, содан кейін студенттермен сұхбаттастым.

Мен тәлімгердің сол немесе басқа сұрақ қойып отырғанын оқушылардың түсінген-түсінбегенін білгім келді. Көбіне олар студенттердің таңдауындағы риторикалық мотивті анықтау үшін сұрақтар қояды, кейінірек мен олардың бірінші және соңғы жұмыс нұсқасына талдау жасадым. Олар тәлімгердің кеңесіне құлақ асып, оны өз жұмысында қолдана ма, жоқ па, соны білгім келді.

Зерттеу барысында мен директивалық түсініктемелердің үш түрі бар екенін анықтадым, олардың екеуі шынымен оң қабылданады, ал үшінші түрінде, түсініктеме сын ретінде ұсынылады, бірақ ешқандай шешім ұсынылмайды.

Мұндай жағдайларда студенттер қорғаныс қалпына түсіп, құлықтары төмендеуі мүмкін. Бұл менің жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасы туралы ойларым.

Зерттеу жүргізу, рефлексиялық тапсырмалар орындау, жазу бойынша тәлімгер ретінде әрекет ету маған өзімнің шекарамды анықтап, шақыру тастады. Бұл менің көшбасшылық қабілеттерімді, коммуникативті дағдыларымды жақсартып, уақытымды тиімді ұйымдастыруға үйретті деп айтар едім. Бұл өзіндік жұмыс менің осы университетте табысты оқуыма ықпал етті.

[1.30.30] Ти Ву:

Жарайды, Әйгерім, сізге өз тәжірибеңізбен және ғылыми жобаңызбен бөліскеніңіз үшін көп рахмет. Шындығында біз жоспарланған кесте бойынша жүреміз. Баршаңызды келесі талқылауға қатысуға шақырамыз. Біз сондай-ақ сұрақтарға тікелей чат арқылы жауап береміз. Өз тәжірибелерімен бөліскен барлық қатысушыларға тағы да рахмет.

Мен чаттан өте қызықты сұрақтарды көремін. Кэри, Габриэль, Әйгерім, чаттағы сұрақтарға жауап берейік. Жақсы рахмет. Сондықтан бірінші сұрақ Роджерден, сіздің сұрағыңыз үшін көп рахмет. Оның сұрағы: «Өз курстастарына жазбаша кері байланыс беруге студенттерді қалай дайындау керек?» Ия, бұл өте маңызды сұрақ. Кэри, Әйгерім, сіздер біріккен оқу және студенттер арасындағы кері байланыс туралы ойларыңызбен бөлісе аласыз ба?

[1.31.47] Кэри Пичински:

Иә, әрине. Әйгерім біз сабақта оқушылардың бірігіп, топта жазуды алдымен жеке, сосын топ болып бірігіп қарастыратын жаттығуларының бірін атап өтті. Олар басқа сыныптастарының не істейтінін шынымен нені көретіндігін анықтайды. Ол бірінші кезекте не іздейтінін анықтайды, білуге мүмкіндік береді. Кері байланыс құрылымы Нэнси Самердің студенттердің жазуына қалай түсініктеме беретініне негізделген.

Бұл кітап біздің курстың негізгі дереккөздерінің бірі болып табылады және осы панельдік сессияның ресурстарында келтірілген библиографияға енгізілген. Біз сіздерге жұмыстың соңында шекті жазбаларды қандай түсініктемелермен қалай байланыстыруға болатынын, сіздің мәлімдемелеріңізді қалай шектейтіндігіңізді, яғни өз стратегияңызды қалай

таңдайтындығыңызды, түсініктеме беру үшін қандай пункттерді таңдайтындығыңызды, қалай жұмыс істейтіндігіңізді көрсететін модель ретінде Нэнси Саммердің жұмысына сүйенеміз.

Сонымен қатар біз түсініктемелердің мүмкіндігінше тура әрі директивті болуы үшін жетекші сұрақтарды қолдану туралы айтып отырмыз. Бұл тақырып Әйгерімнің зерттеу қызығушылығына жатады. Сондай-ақ, Дана Феррис мақалалары мен экспрессивті педагогиканы жақтайтын Питер Элбодудың жұмысын қарастырамыз, мұнда әр жазушы әр түрлі және оған жеке-жеке жүгіну керек, түсініктеме жасауға арналған шаблон жоқ.

Сондықтан біз бір-бірінің жазбаша жұмысына қолданатын әртүрлі тиімді тәсілдерді талқылаймыз, содан кейін, әрине, белгілі бір курста тағайындалған тәлімгерлер ретіндегі алғашқы тәжірибелерінде жазу бойынша тәлімгерлер курсы III тәлімгерлерінің көмегіне сүйенеді. Сонымен қатар, олар өздері тағайындалған курстардың оқытушыларымен де ынтымақтастыққа сүйенеді.

Сондықтан оларға барлық жұмыстың өн бойында қолдау бар. Оларда Ти бар, мен бармын, студенттер арасынан өздерінің тәлімгерлері бар, оларға бекітілген пәндердің өз оқытушылары бар және олардың өздері тағайындалған тәлімгерлер болса да, бүкіл оқу процесінде бірге жұмыс істейміз.

Курстың екінші жылында, 391 курста, жазу бойынша тәлімгерлерге тағайындалған тәлімгерлер проблемалық жазба жұмыстары мәселелері бойынша презентация өткізеді. Олар проблемалық жұмысты қарастыруға шығарады, содан кейін оны өз тобымен талқылайды: бір нәрсені бөліп көрсету туралы шешімге қалай келді, сұрақтарын қалай тұжырымдады, қандай сұрақтарды қолданды, содан кейін бұл студенттерге қалай әсер еткені туралы ой қозғайды.

[1.34.27] Ти Ву:

Иә, рахмет, Кэри. Мен тағы біраз қосқым келеді. Кейде олар ментор-оқытушылармен жұмыс істеген кезде, тәлімгер- студенттермен кері байланыс кезінде назар аударғанын қалайтын кейбір жайларды атап өтуі мүмкін. Олар басқа нюанстарды да қоса алады. Әйгерім атап өткендей, біз әртүрлі нәтижелерді көру үшін осы процесті қолданып көруіміз керек.

Жақсы, келесі сұрақ: «егер оқушыларға рефлексивті жұмысты жазу кезінде кейбір аспектілерді ескеру қажет болса, мәдениеттердің салыстыруларын жасаған өте жақсы болар ма еді?». Менің ойымша, белгілі жанр болып табылатын рефлексиялық жазу үшін бұл өте жақсы сұрақ. Бұл тақырыпты әр

түрлі мәдениеттегі студенттер жазған әр түрлі рефлексиялық эсселерді салыстыру бойынша ғылыми жоба ретінде дамытқан дұрыс болар еді деп ойлаймын.

[1.35.45] Кэри Пичински:

Ти, менің ойымша, тәлімгер студенттер бірінші курста алғаш рет рефлексиялық жазумен танысқан кезде белгілі бір тәжірибені таңдап, оны Гиббстің рефлексиялық циклі арқылы өңдеуге тура келетін жаттығулар жасайды. Сондықтан біз оларға осы циклды модель ретінде береміз, сонда олар процестің келесі сатысы қандай болатынын және оған қалай жететіндіктерін біледі, мысалы, бақылаудан іс-қимыл жоспарына қалай ауысуға болатынын білетін болады.

Әйгерім, сіз бағдарламаның бірінші курсына оқып жүргенде біз Колб циклін қолдандық, осы рефлексия циклында төрт түрлі элементті қарастырдық, бірақ студенттер өздерін қалай сезінетіндерін қосып, сезімдерін өз ойларына енгізгісі келді. Сонымен біз сәл күрделі болып табылатын Гиббс циклына бұрылды. Сондықтан олар осы модельге сүйенеді және оны консультациялық есептерге қолданады. Тиісінше, олар консультациялар кезінде өздерінің тәжірибелеріне ой жүгіртуі керек, және егер мен олардың осы модельді қолданғанын байқасам, оның мұндай есепті жақсы ететініне күмән келтірмеуге болады.

Оларды тәжірибеде бақылаудан талдауға, бағалауға және іс-қимыл жоспарларына ауысатын модельмен қолдануға енгізу керек. Сондықтан бұл маңызды мәселе. Сонымен қатар олар дереккөз ретінде біздің ресурстар тізімінде де бар Потус пен Потустың редакциясымен «Студент-жазушылармен жұмыс» атты шағын очерктер жинағындағы бірнеше шағын мақалаларды оқиды. Бұл өте қысқа очерктер, олардың кейбіреулерін жазу орталығының профессорлық-оқытушылық құрамы жазған, мен студенттерден оларды академиялық мақалалармен қатар оқуларын өтінемін.

Осы эсселердің кейбірін қарастырған кезде мен олардан: «Бұл рефлексиялық жазу үшін жақсы үлгі болар еді деп ойлайсыз ба?» -деп сұраймын. Жазушылар академиялық ортада жазуға үйрету тәжірибесі немесе көптілді жазушы ретіндегі тәжірибесі туралы жиі айтатын болғандықтан, сұрақ туындайды: сіз бұны рефлексиялық жазу деп айта аласыз ба, егер солай болса, неге?

Талқылауды жалғастыру үшін мен олардан рефлексиялық жазуды аналитикалық немесе академиялық жазумен салыстырғанда қалай көретіндігін анықтауды сұраймын. Сонымен олар рефлексивті жазу процесін курстың

екінші аптасында біледі де біз оны бүкіл курс бойына зерттеуді жалғастыра береміз.

[1.38.02] Ти Ву:

Рахмет, Кэри. Сіз сондай-ақ осы тақырып бойынша пікіралмасуды бізбен электронды пошта арқылы да жалғастыра аласыз. Тағы бір сұрақ: «Сіз студенттің бір семестрдегі жазу процесін қолдау үшін жазу топтарын пайдалану туралы ойладыңыз ба?». Габриэль өз презентациясында Кэтринмен студенттерге топтық жұмыс ұйымдастыру мүмкіндігін талқылайтынын айтты. Мүмкін сіз бұл сұраққа жауап берерсіз, Габриэль?

[1.38.41] Габриэль МакГуайэр:

Менің түсінуімше, мәселе студенттерді өзімнің жазу бойынша тәлімгерім ретінде пайдалану болып табылады, иә, мен бұл тәжірибені өзіме студент-тәлімгерлер тағайындалмаған сабақтарда қолдандым. Мен оны осылай ұйымдастырдым: алдымен студенттердің жазба жұмыстарының алғашқы нұсқалары бойынша кері байланыс бердім, содан кейін екінші жазбаша жұмысты жазған кезде оларды үш оқушыдан топтарға бөліп, жоба бойынша кері байланыс жасадым.

Бұл жаттығуға бірқатар компоненттер енгізілді, олардың көмегімен олар нақты бағаланды. Берілген кері байланыстың сапасына сәйкес, олардың алдына нақты міндеттер қойылды. Бір жұмыс үшін олар жазбаша рецензия дайындайды, екіншісі үшін олар тек ауызша кері байланыс жасайды, ал кері байланыс алған студенттер өздерінің жұмысын қайта қарап, пысықтайды.

Содан кейін, олар жұмысты толық аяқтағаннан кейін, өз жұмыстарын қалай жазғанына қысқаша рефлексиялық талдау жазады. Шындығында, бұл оқушылардың жазу дағдыларын жетілдіру тәсілі ретінде өте тиімді. Атап айтқанда, тапсырманың әртүрлі компоненттері студенттердің жазу және редакциялау үдерісіндегі күш-жігері мен жеткілікті ойластырылуын қамтамасыз етті.

Маған жобалардың алғашқы нұсқасын жазу процесі ұнайды, себебі студенттер алдын ала ойлайды, сосын жазады, сондықтан дәлелдерін нақтылауға көбірек уақыт болады. Сонымен, иә деген жауап бар, мен мұндай әрекетті басқа әріптестерім сияқты қолдандым және бұл өте тиімді. Менің ойымша, егер мұндай процесс жазу бойынша тәлімгерлік бағдарламасына аяқтаушы қадам ретінде кіріктірілсе, бұл өте тиімді болар еді.

[1.40.47] Ти Ву:

Рахмет Габриэль. Ия, жазу бойынша тәлімгерлік курстарында біз іс-шараларды ұйымдастырудың жұптық формасын көбірек қолданамыз, бірақ мен кейбір басқа Жазу Орталығы курстарында студенттерге жазба процесінде қолдау көрсету үшін топтық жұмыс та қолданылатындығын білемін.

Сонымен чатта мен жалпы сұрақтарды көремін. Әдетте ментор- оқытушылар әрбір жазу бойынша тәлімгерге 10 студенттен бөледі. Студенттер жазуды қарастырады, бірақ екінші рет курстың тәлімгері болып тағайындалатын Әйгерім сияқты аға жазу бойынша тәлімгерлер бірінші курстарға қарағанда аз жұмыс істеуі мүмкін және бірінші курстың студенттеріне тәлімгерлік жасайды.

Осылайша, олар бірге жұмыс істей алады, бұл процесті бірінші рет өтуге көмектесу үшін бір немесе екі жұмысты қарастырады.

Мұнда кері байланыстың директивтілігі туралы мәселе де бар. Директивтілік жаңа студенттерге көзқарастарын өзгерту үшін көмек пен тәлімгерлікке немесе рефлексия процесіне мұқтаж болған кезде маңызды. Әйгерімнің ғылыми-зерттеу жұмысында, әсіресе, нұсқамалық және альтернативті пікірлердің қаншалықты тиімді екендігі талқыланады.

Жарайды, бізде басқа сұрақтар бар ма? Чаттағы негізгі мәселелерді қарастырдық деп ойлаймын, сондықтан басқа сұрақтарыңыз бен пікірлеріңіз болса, сізден writingtalks@nu.edu.kz электронды мекен-жайға жазуларыңызды сұраймыз, әрі қарай талқылау үшін сізбен байланысамыз немесе бөлісе алатын ресурстармен қамтамасыз етуге дайынбыз.

Барлығыңызға бүгін бізге қосылғандарыңыз үшін тағы бір рет алғыс айтамын, сонымен қатар сіздерді «Магистратура мен докторантура деңгейінде жазудағы жанр және іс-әрекетті таңдау» тақырыбындағы кезекті панельдік сессияға шақырамын. Магистратура мен Докторантура деңгейінде жазудағы Жанр және Іс-Әрекетті таңдау - бұл серияның соңғысы, келесі сенбіге жоспарланған. Біздің басқа әріптестеріміз магистратура / докторантура деңгейінде жазу туралы көзқарастарымен бөліседі. Бізбен байланыста боласыздар деп сенемін және сіздерді келесі сенбіде күтемін.

Кэри Пичински: Рахмет, Ти.

Ти Ву: Рахмет.

Габриэль МакГуайэр: Рахмет.

Ти Ву: Біздің веб-сайтымызда көптеген ресурстар бар, сондықтан сіз оларды тексеріп, бізге Instagram парақшасында жазыла аласыз.